# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет | 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады | 7 мамыр /СЕЙСЕНБІ / 2019 жыл

№65 (19743)




БАСТАМА/2

**Билер кеңесі бітімшілікке қызмет етеді**



ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 74 ЖЫЛ/4

**Ерлік жолы**



ТУРНИР/8

**Дәстүрлі дода дүбірі**

# Қарулы Күштер – ел қорғаны




Коллажды жасаған К.Оразбаев.

Осыдан 27 жыл бұрын, яғни 1992 жылы 7 мамырда ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлығы шықты.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Беловеждегі Ресей, Украина, Беларусь басшылары кездесуінің нәтижесі бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының және оның біртұтас қарулы күштерінің бөлінуін жылдамдатқанын тарихтан білеміз. Елбасы сол тұстағы қалыптасқан жағдайды және елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын ескере отырып тарихи шешім қабылдады.

Жарлық шыққан жылы күзгі әскерге шақырудан бастап жас сарбаздар Қазақстан Республикасына ант берді. Ант қабылдау армия тарихында жақсы дәстүрге айналып, әскери бөлім үшін мереке күні болып хабарланды әрі салтанатты жағдайда өткізілді. 1993 жылдың 19 қаңтарынан Қазақстан Республикасының «Жалпы әскери міндет және әскери қызмет» Заңы қабылданып, онда әскери қызметті атқарудың негізгі ережелері, азаматтарды дайындау мәселелері, оларды белгіленген нақты әскери қызметке шақыру және босату, азаматтар мен лауазым иелерінің заң бұзушылыққа жауапты екені көрсетілді. Тәуелсіздік алғалы Қазақстан өз азаматтарының әскери қызмет атқаруының жағдайы мен тәртібін дербес анықтайды, өз аумағында әскерлердің, қару-жарақтың және техниканың орналасу мәселесін шешеді.

Қазір еліміздің Қарулы Күштері – әскери басқару органдарын, Қарулы Күштердің түрлерін, арнайы әскерлерді, тыл, әскери оқу орындары мен ғылыми мекемелерді қамтитын іргелі құрылым. 2001 жылдан Қазақстан 4 әскери – Орталық, Оңтүстік, Батыс және Шығыс өңірліктерге бөлінді. 7 мамыр – Отан қорғаушы күні Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекесі деп белгіленді.

Ұлттық әскер күштері азаматтардың еңсесін тіктеп, еркіндігін кеңейту жолында еңбек етіп, күш-қуаты жылдан жылға нығаюда. Күштік құрылымдар заманауи техника мен технологияны меңгерген. Олар кез келген қауіп-қатерге қарсы соққы бере алатын айбынды әрі мобильді күшке айналды.

Биылдан бастап Қарулы Күштердің мыңдаған азаматтық қызметкерлері «Әскери баспана» жаңа бағдарламасы бойынша баспана алу мүмкіндігіне ие болды. Жаңа оқу жылын «Рухани жаңғыру» – жауынгерлік рух тірегі» ұранымен бастаған Қазақстанның Қарулы Күштері әлеуетін, жауынгерлік даярлықтың қарқынын арттыра түспек.

**«СБ» ақпарат.**

## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

**Құрметті Қарулы күштерінің сарбаздары, қымбатты ардагерлер!**

Сіздерді Отан қорғаушылар күні және Ұлы Жеңіс күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жеңіс күні – бейбітшілік пен жасампаздықтың, елін қорғаған жауынгерлердің айбыны мен тылдағы еңбеккерлердің ерлігін айшықтайтын абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Біз бейбітшілік аспаны астында ғұмыр кешіп жүрген бақытты ұрпақ ретінде ел үшін, жер үшін жан қиған батырлар мен тылда аянбай тер төккен еңбеккерлердің ерлігін құрметтеуді өзімізге парыз санаймыз.

**Қымбатты ардагерлер!**

Біздің ата-бабаларымыздың батырлығы мен жанқияр ерліктері, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері – бүгінгі жауынгерлер үшін мақтан тұтарлық үлгі-өнеге. Сіздер келешек үшін, туған жер үшін қан майданда от кешіп, соғыстан кейінгі жылдары ел экономикасының түзелуіне үлес қостыңыздар.

Отан ана алдындағы парызын өтеуде жанын қиған батырлар алдында бас иеміз. Олардың көзсіз батырлығы мен туған еліне деген өлшеусіз махаббаты ұрпақ жадында мәңгі сақталады.

Жеңіс күні құтты болсын!

**Қадірлі Отан қорғаушылар!**

Еліміздің қауіпсіздігі мен тыныштығы жолындағы қажырлы қызметтеріңізге табыс, зор денсаулық, бақ-береке тілеймін.

**Құрметпен,**
**Қызылорда облысының әкімі**
**Қ.КӨШЕРБАЕВ.**

ҚҰРМЕТ

# Ардагерлерге ақ тілекпен

**Қызылордадағы «Grand Plaza» мейрамханасында Жеңіс күні қарсаңында мерекелік дастарқан жайылды. Соғыс және тыл ардагерлерін облыс әкімі Қырымбек Көшербаев құттықтады.**

**Назерке САНИЯЗОВА.**



Жеңістің жетпіс төртінші көктемін 25 майдангер қарсы алып отыр. Сонымен қатар, әкелері мен бауырларын майдан даласына жіберіп, өздері бозбала, бойжеткен шақтарын ауыр еңбекпен өткізген 4809 тыл еңбеккері ортамызда.

– Аға-апаларымыздың ерен ерлігі, жанқиярлық еңбегі мен маңдай терінің арқасында жеңіске қол жеткіздік. Бейбіт заманда, ашық аспан астында өмір сүріп жатқаны үшін бүгінгі ұрпақ өздеріңізге мәңгілік қарыздар. Сіздерді мерекемен құттықтай отырып, қатарларыңыз сиремесін деп тілек білдіреміз, – деді аймақ басшысы.

Уақыт жылжыған сайын қатары сиреп бара жатқан қарттарды құрметтеудің қадірі арта беретіні даусыз. От пен оқтың ортасына түсіп, Отан қорғаған ардагерлердің ерлігін қалай дәріптесек те, оларға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Айта кетейік, Жеңіс мерекесіне орай соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне материалдық, әлеуметтік көмек көрсету мақсатында облыстық және жергілікті бюджеттен 404,4 млн теңге бөлінді. Одан бөлек, мереке аясында облыс әкімінің орынбасарлары, қала мен аудан әкімдері, жергілікті атқарушы органдардың басшылары ардагерлердің үйлеріне барып, аймақ басшысының құттықтауын табыс етіп, тілектестік білдірді.

Салтанатты шара барысында қазыналы қарттарға концерттік бағдарлама ұсынылып, сый-құрмет көрсетілді.

# Жаңа орталық тың бастамаларға жол ашады

**Сырдарияның сол жағалауында Жастар орталығы салтанатты түрде ел игілігіне берілді. Аймақ жастарының басын қосатын еңселі ғимараттың ашылу рәсіміне облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.**

**Айдана ЖҰМАДИНОВА.**

Аймақ басшысы облысты басқаруға келген сәттен-ақ, жастарды біріктіретін, батыл бастамалары мен тың идеяларын талқыға салатын орталық құруды тапсырған еді. Қазір жастар орталықтары бүгінгі буынды толғандырған мәселелердің шешімін қарастыратын ауқымды алаңға айналды. Жұмысы жүйеге түсіп, жоспар нақтыланды. Орталықта жастар құқықтық, психологиялық кеңес, әлеуметтік қызмет алып, шығармашылық, спорттық үйірмелер, тіл үйрену дәрісіне тегін қатысу мүмкіндігіне ие болды. Жастардың ендігі сұранысы, «барлық жастар ұйымын бір жерге шоғырландырған жастар үйі бой көтерсе» деген тілек еді. Облыс әкімінің қолдауымен сол жағалауда бой көтерген Жастар орталығы қазіргі буынның сұранысына сай ұтымды ұсыныс болды.

Орталықтың ашылу рәсімінде облыс әкімі ел болашағы саналатын жастарға қашанда жүйелі қолдау көрсетілетінін, бүгінгі буын заман талабына сай білімді болу керегін ерекше атап өтті.

– Әрине, аға ұрпақтың ізгі ісі – жастарға оң жағдай жасау. Биылдың өзінде аймақта мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға 500 млн теңгеден аса қаржы каралса, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жариялаған биылғы «Жастар жылына» орай қосымша 70 млн теңге қаржыға жаңа бастамалар бірінші кезекте қолдау тапты, – деді Қырымбек Елеуұлы.

Айта кету керек, Қызылорда облысы әкімдігі – 2014 жылы Ресейдің маңдайалды жоғары оқу орындарымен меморандумға қол қойып, көрші елдің беделді ЖОО-да жүздеген түлек оқытуды ұйымдастырған жалғыз облыс. Қазір Ресейдің жетекші техникалық ЖОО-да облыс мектептерінің түлектері білім алуда. Өткен жылы алғашқы 74 түлек оқуын бітіріп, бірқатар жас маман аймақтағы ірі кәсіпорындар мен мекемелерге жұмысқа орналастырылды. Ал 900-ге жуық дарынды да талапты ауыл балалары облыс әкімінің арнайы грантымен республиканың озық жоғары оқу орындарында аймаққа қажетті мамандықтарды игеруде. Сонымен қатар, 4,5 мыңнан астам сырбойылық жас «Серпін» бағдарламасы аясында орталық, шығыс-солтүстік аймақтардың оқу орындарында оқып жатыр. Осылайша «білекке емес, білімге сенетін» жаһандану заманында облыс жастары үлкен қолдаудың игілігін көруде.

«Жастар орталығы» – сол жағалауда пайдалануға берілген екінші нысан. Осыдан екі жыл бұрын құрылысы қаланған жаңа қалада өткен жылы «Қызылорда қаласы тарихы» музейі мен «Рухани жаңғыру» орталығы ашылған болатын. Бұл ғимарат 1925 жылы Қырғыз (Қазақ) АКСР кеңестерінің V съезі өткен Қазақ Орталық Атқару комитеті үйінің үлгісімен салынған. Съезде сол кезге дейін ресми жазбаларда «қырғыз» болып жазылып келген ұлттың «қазақ» атауы қайтарылып, Ақмешіт қаласының аты Қызылорда деп өзгертілген болатын.




Ал, «Жастар орталығы» – тәулігіне 250-300 жасқа қызмет көрсететін екі қабатты еңселі ғимарат. Аймақ басшысының тапсырмасымен орталық тәулік бойы жұмыс істейтін болады. Мұнда коворкинг, продюсерлік орталықтар, анти-кафе, мәжіліс залы, интернет-кітапхана, 300 орындық акт залы, блогерлерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған, сондай-ақ, медициналық, психологиялық кеңес беру кабинеттері жұмыс жасайтын болады. Сонымен қатар, орталық жанында «IT-park» жұмысын бастап, жас IT сала мамандарына үлкен қолдау көрсетілмек. Айта кету керек, жастар орталығы ғимараты бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі негізінде «ҚазГермұнай» БК» ЖШС демеушілік қолдауымен пайдалануға беріліп отыр.

Осыдан бір ғасыр бұрын Ахмет Байтұрсынұлы «Басқадан кем болмас үшін білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деп халыққа жол көрсеткен еді. Біздің елде білімді болуға, кәсіп игеруге, күшті болуға мүмкіндік бар. «Жастар жылында» аймақ бойынша іске асатын жұмыстар да ауқымды. Ендігі қадам тек жастардың мүдделі болуы.

## 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне арналған іс-шаралар тізімі

### ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

**«Мәңгілік алау»** мемориалды кешенінде Ұлы Отан соғысы құрбандарына гүл шоқтарын қою рәсімі. *9 мамыр, сағат 10.00. «Тағзым» алаңы.*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының «Н.Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көшпелі көрмесі. *8 сәуір - 19 маусым. Облыстық тарихи-өлкетану музейі.*

**«Бұл әндер майдан даласында шырқалған»** атты концерт-көрме. *6 мамыр, сағат 10.00. Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана.*

**«Ұранды елдің – ұрпағы қайсар»** кітап көрмесі және «Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» атты мерекелік шара. *6 мамыр, сағат 10.00-11.00. Облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапхана.*

**7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне арналған салтанатты шара.** *7 мамыр, сағат 11.00. Облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.*

**«Ұрпаққа ұран – Ұлы Жеңіс!»** атты қайырымдылық концерт. *8 мамыр, сағат 11.00. Ардагерлер үйі.*

«Astana musical» театрының Ғ.Мүсірепов **«Қыз Жібек»** қойылымы. *8 мамыр, сағат. 19.00. Облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.*

Ашық есік күні. *9 мамыр. Облыстық тарихи-өлкетану музейі. Ақмешіт музейі.*

«Astana musical» театрының **«Ғашық жүрек»** қойылымы (А.Маямиров, А.Гумаров). *9 мамыр, сағат 19.00. Облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.*

«Astana musical» театрының **«Шәмші»** қойылымы (М.Омарова). *10 мамыр, сағат 19.00. Облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры.*

### АРАЛ АУДАНЫ

Ұлы Отан соғысы құрбандарына гүл шоқтарын қою рәсімі. *9 мамыр, сағат 10.30. «Тағзым» алаңы.*

### ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ

**«Ерлік ешқашанда ұмытылмайды»** атты театрландырылған мерекелік шара. *9 мамыр, сағат:10.00 де. Жеңіс паркі.*

### ҚАРМАҚШЫ

**«Ұмытылмас ерлік, өшпес даңқ»** салтанатты жиын. *9 мамыр, сағат 10.00. Орталық алаң.*

### ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ

**«Мың тағзым саған, майдангер!»** тақырыбында көпшілік театрландырылған қойылым. *9 мамыр. Орталық алаң.*

### СЫРДАРИЯ АУДАНЫ

9 мамыр – Ұлы Жеңістің 74 жылдығына арналған **«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран»** атты митинг және гүл қою рәсімі. *9 мамыр, сағат 09.00. Орталық алаң.*

### ШИЕЛІ АУДАНЫ

**«9 мамыр – Жеңіс күні»** мерекелік іс-шара. *9 мамыр, сағат 10.00. «Тағзым» алаңы.*

### ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ

**«Жеңістің 74 жылдығы»** мәңгілік алаңға гүлшоқтарын қою рәсімі. *9 мамыр. «Тағзым» алаңы.*

САЙЛАУ-2019

**Қызылордада ҚР Президенттігіне үміткер Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы жанынан облыстық сайлауалды қоғамдық штабы ашылды. Бұл туралы партия филиалында өткен брифингте партияның облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әлназарова мәлімдеді.**

Шынар БЕКБАН.

# Сайлауалды штаб ашылды

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалындағы сайлауалды қоғамдық штаб құрамы партия өкілдерімен елге танымал қоғам қайраткерлерінен жасақталған. Штаб құрамына өткен сайлау науқандарына қатысып, мол тәжірибе жинақтаған азаматтармен қатар жастар ұйымдарының белсенді өкілдері де еніп отыр.

Облыстық штаб жетекшісі партияның кезектен тыс XIX съезі шешімімен ҚР Президенттігіне үміткер ретінде Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кандидатурасы ұсынылғанын еске салып, облыстық штаб жұмысының негізгі міндеті – «Nur Otan» партиясының атынан ұсынылған үміткерге қолдау көрсету екенін айтты.

– Облыс бойынша 10 штаб жұмыс жасайды. Оның 1-і облыстық, 2-і Қызылорда, Байқоңыр қалаларында және 7 ауданда. Штабтар өзінің жұмысын, Қазақстан Республикасының Сайлау туралы заңдарына сәйкес, 11 мамырдан бастап ресми түрде жүзеге асыратын болады. Қазір облыс бойынша 366 сайлау учаскелері нақтыланды. Барлық учаскелерге 1098 сенімді өкілім тіркелді. Штабтың барлығы материалдық-техникалық құралдармен жабдықталған, – деді Ақмарал Әлназарова.

Сыр өңірінде «Nur Otan» партиясының 51 мыңнан астам мүшесі топтасқан 272 бастауыш партия ұйымы бар. Брифинг барысында сайлау кезінде заңмен рұқсат етілген барлық мүмкіндіктерді пайдалану жайы сөз болды.

# Ел бірлігі – тұрақтылық тірегі

**«Достық үйінде» Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVII сессиясында қаралған мәселелер бойынша облыстық ҚХА хатшысы Л.Төрешованың төрағалығымен актив отырысы өтті. Шараға этномәдени бірлестік жетекшілері мен мүшелері қатысып, өз ойларын ортаға салды.**

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

– Біз сессияда көтерілген әрбір жайды қолдаймыз. Елбасы Н.Назарбаев өз сөзінде елімізде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауда ҚХА-ның маңызды рөл атқаратынын жеткізген болатын. Расымен, аталған құрылымның ешқандай баламасы жоқ. Бұл туралы Ресей халықтары Ассамблеясы кеңесінің төрайымы Светлана Смирнова да Қазақстан халқы Ассамблеясының тәжірибесі орыс халқы үшін бірегей үлгі екендігін баса айтты. Бүгінде ҚХА мықты құқықтық негізге, қоғамдық-мәртебеге ие органға айналды. Оның дәлелі ретінде елімізде әрбір ұлттың өз ойын, өз тілінде жеткізіп, әркайсысының ұлттық құндылықтарын сақтап отырғандығын айтуымызға болады. Елдегі қоғамның бірлігі мен ұлтаралық келісімнің арқасында салт-дәстүрімізі сақталып қана қоймай, кәріс, неміс, ұйғыр, өзбек, орыс театрлары жұмыс жасап, мәдениеттерін дамытуда. Өзге елдерде дәл мұндай мүмкіндіктер жоқ,– деді "Славяне" этномәдени бірлестігінің жетекшісі Галина Щербакова.

Жиын барысында мұнан бөлек, татар этномәдени бірлестігінің төрайымы Ғ.Ғизатуллина, неміс этномәдени орталығы бірлестігінің төрайымы И.Шек, корей этномәдени бірлестігінің төрайымы Е.Ким, облыстық Ассамблея жанындағы "Аналар кеңесінің" төрайымы Н.Мұсаева, "Қоғамдық келісім" КММ бөлім басшысы С.Сахиев сөз алып, сессияда көтерілген әрбір мәселенің шешімінде елдің бірлігі, ұлттар татулығының тұрғандығын жеткізіп, барша халықты қандай жағдайда да ауызбірлікте, бір тұтастықта болуға шақырды.

ЕСКІ ДЕ ЖАҢА ҮРДІС

# Билер кеңесі бітімшілікке қызмет етеді

**Сотсыз татуласу жобасын жүзеге асыруда Сыр елі өзге аймақтарға үлгі болып келеді. Соның бір дәлелі облыста құрылған Билер кеңесі.**

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.



Бір ауыз сөзге тоқтайтын қазақтың ұрпағы кейінгі кезде соттасуға неге құмар? Болмашының себебімен араздық туа қалса, «сотқа беремін» дейтіндер қатары неге көп? Мұндайда кесімді пікір айтып, дауласқанды бітістіретін аузы дуалы ақсақалдың ақылы жетіспей жатқаны шындық. Демек, Билер кеңесі қоғам сұранысына сай.

Қызылорда облыстық сотының ұйымдастыруымен «Достық үйінде» «Билер кеңесі – ұлттық құндылығымыз» тақырыбында өткен басқосу бүгінгі күннің өзекті мәселесін көтерді. Шараға облыстық сот төрағасы Қамбар Нұрышев, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әлназарова, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов, алқа төрағалары, судьялар, отставкадағы судьялар, облыстық, қалалық прокуратура өкілдері және медиаторлар қатысты.

Облыстық сот төрағасы Қамбар Нұрышев Билер кеңесі қоғамдағы жанжалды азайтып, кейбір дау-дамайды сотқа жеткізбей шеше алатынын атап айтты. «Көшпелі қазақ қоғамының билер соты тарих қойнауында қалса да, оның беделі мен мәртебесі бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып отыр. Билер соты ұрпақ жадында тәуелсіз, кәсіби және дана сот ретінде сақталып, қазақ халқының тарихына терең із қалдырған. Өңірімізде беделді, өмірлік тәжірибесі бар, кесімді шешім айтатын ардагерлер бар» деді ол.

Облыстық соттың судьясы Нұрлыбек Қосанов «Билер кеңесі – еліміздің сот жүйесінің дамуының негізін қалаушы» тақырыбында баяндама жасап, қазақ тарихында есімі белгілі билердің ел ішіндегі дау-дамайды әділ шешіп, араздасқандарды бітімге келтіргенін атап айтса, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов Билер кеңесінің қоғамдағы рөліне тоқталды.

– Бұл құрылымның пайда болуы бүгінгі құқықтық өмірімiздің байырғы дәстүрлі құқықтық мәдениетімізбен тарихи сабақтастығының көрінісі. Қазақ халқы өзінің жаңа жағдайдағы мемлекеттік және құқықтық болмысын бай өмірлік тәжірибесіне, ұлттық бітіміне, озық өнеге, тәлімді дәстүріне сай құрғысы келетіндігінің белгісі. Халқымыздың дәстүрлі билер институтының оның ішінде төрелік, ара ағайындық айту мәдениетінің қайта түлеуге талпынысы көңіл аударуға тұрарлық жағдай. Сондықтан сіз бен біз болып, атқарушы билікпен бірігіп, билер институтын қайта жаңғыртудан ұтарымыз көп болмақ. Әрбір ауылда беделі жоғары, халық сеніміне ие болған абыройлы азаматтар бар. Соларға арнайы куәстар оқып, би атағын беруге болады деп ойлаймыз. Олар ешбір бюрократиясыз кеңесу арқылы, ортақ шешімдер қабылдап, соттардың жұмысын жеңілдетуге қолғабыс жасайды. Халықтың салт-санасымен үйлескен шешім шындыққа жақын болады, – деді.

Шарада заң ғылымдарының кандидаты, доцент Жанат Исаева билер кеңесінің жалпы әлемдік өркениеттегі орны туралы мазмұнды ақпарат берді. Жоғарғы сот басшылығы дауды шешудің тағы бір жолы ретінде билер кеңесін қарастырып отыр.

Билер кеңесі – Елбасының даулардың соттан тыс шешу, қоғамда тұрақтылықты сақтау, ұлттық сананы жаңғырту арқылы дауларды бейбіт шешу туралы тапсырмаларын жүзеге асыруға және Жоғарғы Соттың сотқа дейінгі татуласуды дамытуға бағытталған жергілікті әкімшіліктің жанынан құрылатын кеңесші орган.

– Билер кеңесіне мүше болып жасы кәмелетке толған, Қазақстан Республикасының азаматы, кеңес құрылған аумақта тұрақты тұратын, өз ортасында зор беделге ие, аузы дуалы, халықтың салт-дәстүрін жете білетін, кикілжіңді шешуде тәжірибесі бар, халыққа танымал қоғам қайраткерлері, өмірлік тәжірибесі мол азаматтар мүше болады, – деді ол.

Шарада сөз алған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов аймағымызда билер кеңесінің құрамы бекітіліп, жұмысын бастағанын айтты. «Ағайынның арасында араздық туа қалса, алыстан бақылап, кез келген мәселеден өзімізді аулақ ұстайтынымыздың әсерінен қоғамда болмашыны сотқа дейін жеткізетін көріністер белең алды. Билер кеңесі мұндай келеңсіздіктің алдын алады деген сенімдеміз. Құрамына абыройлы, тәжірибелі, көргені мен түйгені мол азаматтар таңдап алынды» деді басқарма басшысы.

Шара барысында облыстық сот төрағасы Қамбар Нұрышев өңірімізде құрылған билер кеңесінің ережесі мен мақсат-міндеті және кеңес құрамымен таныстырды.

Билер кеңесінің төрағасы отставкадағы судья Зейнулла Нұрсейітов алғаш қадамын басқан кеңестің іс бастауы оңай емес екенін айта келіп, қоғам мүддесіне қызмет атқаратынына сендірді.

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әлназарова билер кеңесінің ықпалды қызмет атқаруы үшін әлі де механизмдерін жетілдіріп, семинарлар жиі ұйымдастырылғаны жөн екендігін жеткізді.

Шара түйінінде қатысушылар тарапынан ұсыныстар айтылып, билер кеңесінің жұмысына сәттілік тіледі.

# Тұрғындарды қабылдады

**Халықпен өзара іс-қимыл жасауды және полиция қызметінде ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында Полиция департаментінің басшысы, полиция полковнигі Арыстанғани Заппаров тұрғындарды қабылдады.**



Қабылдау құқық қорғау қызметтері орталығында өткізіліп, тұрғындар тарапынан түрлі сипаттағы сауалдар қойылды. Мәселен, ұлын ішкі істер органдарына тұрғызу жөнінде бірнеше мәрте жүгінген Шиелі ауданы тұрғынына салада штаттық қысқарту жүргізіліп жатқанына қарамастан, аймақтар бойынша бос орындар жөнінде толық мағлұмат берілді.

Жалпы, департамент басшысымен өткізілген бұл қабылдауға 10 адам жазылған. Арыстанғани Расылханұлы барлық азаматтардың талап-тілектерін мұқият тыңдап, заң шеңберінде кеңестер айтты. Әр сауалды назарға алып, тиісті жұмыстар жүргізу үшін сала басшыларына тапсырмалар берді.

Тәртіп сақшыларының қызметі халықтың сенімі арқылы өлшенеді. Халық көкейіндегі мәселелерді шешуге және олардың конституциялық құқықтарының қорғалуына бағытталған азаматтарды қабылдау шарасы тұрақты өткізіліп тұрады.

**«СБ» ақпарат.**

**А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде Жеңіс күніне орай «Жауынгер жырау Жалғасбай» атты облыстық жыраулар фестивалі болды. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өткен шараға Сыр бойының жыршы-жыраулары қатысты.**

# Жауынгер жырау

Өнер кешіне есімі елге кеңінен танымал жыраулар қатысып, жауынгер жыраудың майдан даласында жазған сағынышқа толы өлең-жырларын орындады.

Жалғасбай жырау Қармақшы ауданы, Ақжар елді мекенінде туған. Ескіше сауатты жырау «Шаһнама», «Қыз Жібек», «Мұңлық-Зарлық», «Айна мен тарақ» сияқты дастандарды жырлап, елдің ықыласына бөленген. Батыстан соғыс өрті тұтанғанда Отан қорғауға аттанып, ұрыс кезінде ерксіз тұтқынға түскен. Жерлесі Мәлік Таңсықбаев екеуі қашып шығып, Балтық теңізі жағалауында қызыл әскер қатарына қайта қосылған.

Кеш соңында жыраудың қызы, өнер жанашыры Базаркүл Жалғасбайқызы жыршыларға алғыс айтты.

**«СБ» ақпарат.**

# Қызылордада IT-эшелон жобасы жүзеге асуда

**Жоба аясында 200 адам стартаптар мен технологиялық кәсіпкерлік бойынша білім алады, оқу үдерісі семинарлар мен воркшоптар, кездесулер мен бизнес-ойындар түрінде ұйымдастырылады. Жобаның мақсаты – веб-бағдарламалау саласында IT мамандарын даярлау.**



«Бұл жоба аймақтағы IT мамандардың кадрлық резервін құруға, атап айтқанда, веб-бағдарламалау саласында жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Жобаны іске асыру жұмыспен қамту, IT-қоғамдастығы мен технологиялық кәсіпкерлікті дамыту және қолданыстағы мамандардың біліктілігін арттыру мәселелерін шешеді. Аталған жоба халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын да қамтиды және бірқатар әлеуметтік мәселелерді шешеді деп айтуға болады. Ең бастысы, жоба «Атамекен» балалар ауылының тәрбиеленушілері үшін әлеуметтену мәселесін, сондай-ақ, тұрмысы төмен және маргинал жастар арасында масылдық көзқарасты болдырмау мәселесін шешеді», – деп атап өтті Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының бөлім меңгерушісі Юлия Тремасова.

Бұл жобаның басым бағыты ретінде пайдаланушы интерфейсін құруда «frontend» таңдалды. Мамандардың аталған санаты жұмысқа орналасу мәселесінде сұранысқа ие. Сондай-ақ, жоба шеңберінде технологиялық кәсіпкерлікке, стартаптарды ұйымдастыруға және бизнес-құралдарға ерекше көңіл бөлінеді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, курс бағдарламасы Қазақстанның IT-жұмыс берушілері ұсынатын нақты жобалармен жұмыс істеуге толық дайын болатындай етіп жасалған.

Жоба ұйымдастырушыларының мәліметіне сай, қатысушылар бірнеше бағытта сабақ алып үлгерді: HTML-құжат құрылымы, базалық ұғымдар, теориялар, стильдеудің базалық мүмкіндіктерін зерттеді, формалармен жұмыс істеуді үйренді, базалық өлшем бірліктерін және позициялау механикасын зерделеді, селекторлардың не екенін және оларменқалай жұмыс істеу керектігін білді, CSS-тың кейбір озық мүмкіндіктерімен танысты. Одан әрі олар ойындар мен мобильді қосымшаларды әзірлеу, өзінің Telegram-ботты құру, VR/AR технологиялары, құрылымын әзірлеу туралы және стартап үшін супер команданы қалай құру керектігі жайлы білім алды.

Кездесулерге Mail.ru, Tinkoff, Bugart Games, Яндекс, Chocofamily, Doctor.kz, Kazdream.kz, Kompra сияқты танымал компаниялардың өкілдері қатысуда.

Осы жобаны іске асыру барысында әрбір сарапшы, баяндамашы, инвестор мен бизнес иесі ментор рөліндегі тыңдаушыны анықтайды. Сондай-ақ, ұйымда практикадан өткізу және одан әрі жұмысқа орналастыру мүмкіндігін өзіне қалдырады.

Аталған жоба бойынша жұмыс 6 айды (2019 жылдың наурыз – қыркүйек аралығын) қамтиды. Оның ішінде онлайн оқыту, сауалнама жүргізу және қатысушыларды іріктеу, семинар, воркшоп, кездесу мен бизнес-модель ойындары өткізіледі. Жобаға 14-35 жас аралығындағы әлеуметтік аз қамтылған отбасы мүшелері, студенттер, оқушылар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған 200 қатысушы 437 өтінім берушінің арасынан іріктеліп алынды. Оқыту ақысыз негізде жүргізіледі.

Жоба Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы жанындағы «Ақпараттық технологиялар орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен өтіп жатыр.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі.**

# Әскери-патриоттық үйірмелер слеті

**Енді санаулы күндерде соң ел болып Жеңіс күні мерекесін атап өтеміз. Бұл әдеттегі салтанатты шаралармен аталып өтетін көп мерекенің бірі емес. 9 мамыр – ел тарихындағы ең бір қасіретті жылдарды еске алуымызбен, сол жолда шейіт болған аға ұрпаққа тағзым етіп, бейбіт заман, ашық аспанға шүкіршілік етуімізбен аталып өтілетін ғибратты да мәнді күн.**



Жалағаш кентінің орталық алаңында аудан мектептері әскери-патриоттық клубтарының Отан қорғаушылар күні және Жеңіс мерекесіне арналған XIII аудандық слеті өтті.

Слетке кент және ауылдық округтерден барлығы 200 оқушы қатысты. Аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев және бір топ ауған соғысының ардагерлері орталық алаңда орналасқан «Ер есімі – ел есінде» ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Сұрапыл соғыстан оралмаған боздақтардың рухына құран бағышталып, оларды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Мұнан соң орталық алаңда мектептердегі әскери-патриоттық клуб мүшелерінің саптық байқауы өтті. Дәстүрлі шараның маңыздылығына тоқталған аудан әкімі жиынға қатысушыларды айтулы мерекемен құттықтады.

– Ата-бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен ұлан-ғайыр жерімізді қорғап, байтақ мекенді бізге мұраға қалдырды. Жалағаш ауданының халқы да еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға, Қазақстан халқының игілігі мен бейбітшілігін қорғауға лайықты үлесін қосуда, – деді аудан басшысы Қ.Сәрсенбаев.

Шара барысында патриоттық әндер орындалып, қоянқолтық ұрыс әдіс-тәсілдері көрсетілді.

**«СБ» ақпарат.**

«ҚОРҒАН – 2019»

# Арнайы оқу-жаттығу

**Шиелі ауданы аумағындағы «РУ-6» кенішінде облыстағы аумақтық қорғаныс құрылымдарының «Қорған – 2019» арнайы тактикалық оқу-жаттығуы өтті. Шараға облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким, аймақтағы барлық қорғаныс құрылымдары, сондай-ақ, басқарма басшылары қатысты.**

Дәулет ҚЫРДАН.



Он күнге созылған оқу-жаттығу жиынында қорғаныс өкілдері Отанымыздың халқын, нысандарын және коммуникацияларын диверсиялық әрекеттерінен немесе терроризм әрекетінен қорғау, төтенше немесе соғыс жағдайы режимдерін енгізу және қамтамасыз ету мақсатында өздерін жан-жақты қырынан көрсетті. 7 мамыр – Отан қорғаушылар мерекесі қарсаңында өткізілген ауқымды шарада облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким Отан қорғаушыларды мерейлі мерекемен құттықтады.

– Отан қорғау – әрбір азаматтың парызы. Әлемде болып жатқан түрлі оқиғалар сақтық шараларын нықтауды қажет етеді. Оқу-жаттығуға сарбаздар барлық жағдайға сақадай-сай екендерін көрсетті. Түптеп келгенде, елдің егемендігін сақтап, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына әрбіріміз жауаптымыз. Мереке құтты болсын, – деді Е.Ким.

Оқу – жаттығу жиынында ерекше көзге түскен сарбаздарға алғыс хат табысталды. Әскери міндетін мүлтіксіз орындап, марапат мінберіне шыққандардың бірі – Шиелі ауданының қорғаныс батальон командирі, майор Пазылбек Оспанов.

– Биыл үшінші рет қатысып отырмын. Бізге тәжірибе береді. Ұмыт қалып бара жатқан әдіс-тәсілдерді қайта қолға аласың. Менің ойымша, мұндай шара жиі өткізіліп тұрғаны жөн. Сонда біздің сарбаздар да ширақ бола түседі. Ал марапатқа келсек, менің жеке жеткен шыңым емес, бұл марапатта тұтас батальонның төккен тері мен еңбегі бар, – деді майор.

Оқу-жаттығу жиыны салтанатты шерумен аяқталды. Мұнда қорғаныс саласындағы білікті мамандардан бастап, төтенше жағдайда қажетті техникалық мүмкіндігіміз де сараланып, жұртшылыққа таныстырылды.

Шиелі ауданы.

# Тұрғын үйдің кілтін табыстады



**Қазалы ауданының әкімі Мұрат Ергешбаев Жеңіс мерекесіне орай Ұлы Отан соғысының ардагері Лепес Әуесбаев ақсақалға құрмет көрсетіп, тұрғын үйдің кілтін табыстады деп хабарлайды аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

Майдангер, облыс, аудан басшылығына ризашылығын білдіріп, алғысын жеткізді.

Айта кетейік, сұрапыл соғысқа Қазалы ауданынан 10 770 азамат аттанса, оның 6229-ы ғана елге оралған. Жыл жылжыған сайын олардың қатары сиреп, бүгінгі күні 5 ардагер арамызда.

**«СБ» ақпарат.**

**Отан қорғаушылар мерекесі мен Жеңіс күніне орай облыстық қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне жаңадан қабылданған қызметкерлердің салтанатты түрде ант қабылдау рәсімі өтті. Рәміздер алаңында өткен жиынға ҚАЖ департаменті басшылығы, жеке құрам қызметкерлері мен ардагерлер қатысты.**

# Қызметкерлер ант қабылдады

Салтанатты шарада Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің құттықтау жеделхаты оқылып, қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің басшысы, әділет полковнигі Мұрат Нәкенов жеке құрамның жұмысына сәттілік тіледі. Шарада қызметке жаңадан қабылданған 10 жас қызметкер қызметтік міндеттерін адал және абыроймен атқаруға, еліне адал қызмет етуге, азаматтар құқығы мен бостандығын қорғауға ант берді. Сондай-ақ, 12 қызметкер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің және облыстық ҚАЖ департаменті басшысының бұйрықтарымен марапатталса, департаменттің сотталғандар арасындағы әлеуметтік-психологиялық тәрбие жұмыстары жүргізу тобының бас маманы әділет капитаны Жалғасбай Есмахановқа әділет майоры, режим тобының АМІЖ аға жедел уәкілі әділет майоры Айдос Махашовқа әділет подполковнигі атағы берілді. Ант қабылдау рәсімі жеке құрамның салтанатты шеруімен аяқталды.

**А.НҰРТАЙҚЫЗЫ.**

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

# Отан соғысының отты жылдарында

**Ұлы Отан соғысы жылдарында Қызылорда облысынан әскер қатарына және тыл жұмыстарына мобилизацияланғандар туралы әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Кейбір зерттеулерде соғыс кезінде Орта Азия мен Қазақстаннан халықтың 18 процентінің әскерге немесе тыл жұмыстарына алынғаны жазылады. Ал біздің қолымыздағы нақты мәліметтер Қазақстаннан, Сыр өңірінен әскерге ия тұрғылықты жерінен тыс жерлерде орналасқан өндіріс орындарына халықтың 34 проценті алынғандығын айғақтайды. 1939 жылғы ресми санақ мәліметтері бойынша Қызылорда облысында 328 067 тұрғын болған екен, алайда демограф М.Тольцтің зерттеулеріне сүйенсек, осы санақ көрсеткіштері Қазақстан бойынша 12,94 процентке көтермеленіп берілген. Осыған сәйкес, сол жылы өңірде 290 479 тұрғын болғанын анықтаймыз. Осыны негізге алайық.**

Ендігі кезекте 1939 жылғы санақ қаңтар айында өткенін, 1939-1941 жылғы 22 маусымға дейінгі облыс халқының табиғи өсімі көрсеткішин ескерелік. Облыс халқы табиғи өсім есебінен 1940 жылы 6271 адамға, 1941 жылы 4 824 адамға көбейген.

Бұдан бөлек Кеңес үкіметі 30-жылдардағы аштық салдарынан қырылған қазақ жеріндегі демографиялық шығынның орнын жабу үшін, соғыс алдында басқа республикалардан Қазақстанға тұрақты тұруға адамдарды көшіру саясатын кеңінен жүргізді. Осы миграциялық толқын есебінен 1939 жылдан 1941 жылдың 22 маусымына дейін Қызылорда облысында қала халқы 18374 адамға көбейді. Демек, 1939 жылғы санақ мәліметтеріне соғысқа дейінгі облыс халқының табиғи және миграция есебінен болған өсімді қоссақ, 1941 жылдың 22 маусымына қарай Қызылорда облысының халқы 324 499 болғанын көреміз.

Келесі кезекте 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың соңына дейінгі облыс халқының табиғи және миграциялық өсім есебінен өскенін есептеп көрейік. Қызылорда облыстық статистика департаментінің мәліметі бойынша 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың соңына дейін облыс халқы табиғи өсім есебінен 10707 адамға, миграция есебінен 23261 адамға көбейген, бәрін қосқанда облыс халқы 1945 жылдың соңында 358 467 болу керек еді, алайда, мыңдаған жерлестеріміздің майданға алынуына байланысты облыс халқы соғыс жылдары ресми демографиялық мәліметтерде соғысқа дейінгі деңгейге жеткен емес. Дегенмен, 1944 жылы облыс халқының саны қуғын-сүргінге ұшырап облысқа қоныс аударылғандар есебінен, соғысқа дейінгі деңгейге жеткен болатын. Бірақ репрессияланып қоныс аударылғандар контингенті облыс халқымен бірге жеңісті жақындатуға еңбек етсе де, облыстық демографиялық есепке алынбай Ішкі Істер Халық Комиcариаты есебінде тұрды. Бұлардың қатарында күштеп көшіріліп әкелінген: 4082 неміс, 3861 қалмақ, 26924 шешен мен ингуш, 1857 түрік, нақты саны белгісіз, бірақ мыңдаған гректер, поляктар тағы басқа халықтар болды.

Енді облыстан әскерге алынғандарды анықтап көрейік. Осы орайда мемлекеттік архивтен алынған Қаз КСР әскери комиссары міндетін уақытша атқарушы Островскийдің 1945 жылдың 31 мамырында дайындаған «Ұлы Отан соғысының басынан 1945 жылдың 1 мамырына дейінгі Қазақ КСР-і бойынша қызыл әскер қатарына шақырылғандар және өндіріс орындарына мобилизацияланғандар саны туралы» анықтамасын келтірейік. Бұл анықтамадағы 1-ші кесте бойынша Қазақстанның 12 облысынан қызыл әскер қатарына 935725 адам (олардың 53 965-і жұмысшылар колонналарына, 8321-і құрылыс батальондарына алынып, өндіріс орындарына 245 054 адам мобилизацияланған екен.

Бұл мәлімет Қазақстанның Орта Азия әскери округіне тиесілі 12 облыс бойынша келтірілген. Себебі, 1941 жылы Қазақстанның Ақтөбе, Гурьев, Батыс Қазақстан облыстары Оңтүстік Орал әскери округінің, ал Қостанай облысы Орал әскери округінің құрамында болатын. Сондықтан келесі бір архив құжаты бұл мәліметті басқа әскери округтардан алынған деректермен толықтыра түседі. 1945 жылдың мамыр айында Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Н.Оңдасыновқа жіберілген құжаттардың бірінде Орта Азия, Оңтүстік Орал және Орал әскери округтарынан әскер қатарына және өндіріс орындарына мобилизацияланған қазақстандықтардың төмендегідей сандық көрсеткіші ашып көрсетіліп берілген.

Қазақстаннан мобилизацияланғандар мәліметі.

| № | Округтар атауы | Мобилизацияланғандар | | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| | | Қызыл армияға | Өндіріс орындарына | |
| 1. | Орта Азия әскери округі | 935725 | 245054 | 1180779 |
| 2. | Оңтүстік Орал әскери округі | 196913 | 39907 | 236820 |
| 3. | Орал әскери округі | 63526 | 24381 | 87907 |
| | Барлығы: | 1196164 | 309342 | 1505506 |

Бұдан көретініміз 1941-1945 жылдары қызыл әскер қатарына және өндіріс орындарына Қазақстан бойынша 1 505 506 адам әскери комиссариаттар арқылы мобилизацияланып, алынған. Оның 1196 164-і Қызыл армия қатарына алынса, 309 342-і өндіріс орындарында жұмыс істеді.

Ал облыс бойынша қызыл армия құрамына 52 625 адам алынып, олардың 2000-ы жұмысшы колонналарына жіберілген. Әскерге алынғандардың 514-і офицер, 919-ы сержант, 40 062-сі жауынгер болған.

Жұмысшы колонналарына алынған 2000 қызылордалық Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстаннан жұмысшы колонналарына алынғандардың 3,7 процентін құрады. Олар армияның әскери резерві болды деуге болады.

Бұдан бөлек, жұмысқа қабілеті бар азаматтар өндіріс орындарына да әскери комиссариаттар және облыстық атқару комитеттері арқылы алынып отырды. Соғыс жылдары Қызылорда облысынан өдіріс орындары мен өнеркәсіпке әскери комиссариаттар арқылы 13 724 адам алынған, бұлар Қазақстаннан өнеркәсіпке алынғандардың 5.6 процентін құрады. Бұлардың да көбісі жұмысқа орналасқан жерінен өз еркімен немесе әскери комиссариаттардың шақыруымен әскер қатарына алынып жатты.

Жалпы, Қызылорда облысы бойынша 1941-1945 жылдары әскери комиссариаттар арқылы 66 373 адам алынды, бұлар Қазақстанның әскери комисариаттары арқылы шақырылғандардың 5,62 проценті.

1941 жылға дейін әскер қатарына шақырылған қызылордалықтардың саны Жеңістің 50 жылдығына дайындалған «Книга памяти Казахстана» еңбегінде, Қазақстан әскери комиссариатының берген мәліметтеріне орай «1938 жылдан 1941 жылдың 21 маусымына дейін Қазақстаннан әскер қатарына 170 мың адам, ал Қызылорда облысынан 2159 адам алынды» - делінген.

Жоғарыда әскер қатарына алынғандар саны, яғни тікелей майданға барғандар саны елу мыңнан асқанын анықтадық, шындығында бұл көрсеткіш бұдан да жоғары болған. Мысалға алатын болсақ, соғыстан кейін тұрғылықты мекені Қызылорда облысына тұтқыннан қайтып келгендер арасында бірнеше кәріс ұлтының өкілдері болған. Қазіргі кезде толық емес мәліметтер бойынша кәріс ұлты өкілдерінен Ұлы Отан соғысы майдандарында 400-дей адам болғаны анықталып отыр. Кәрістерден бөлек осылай майданға барғандар қатарында немістер, поляктар, гректер, т.б. әскерге алынуға жатпайтын ұлтардың өкілдері болғаны мәлім.

Ұлы Отан соғысы жылдарында әскер қатарында болған қызылордалықтардың саны бұдан да көп болуы мүмкін деуіміздің тағы бір себебі бар. Себебі, 1941 жылдың 12 шілдесінде КСРО Жоғарғы кеңесінің шешімімен кішігірім қылмыс жасап сотталғандарды мерзімінен бұрын босату туралы қаулы шығып, бірінші кезекте ГУЛАГ-тан босатылған 480 мың адам әскер қатарына жіберілді. Бұған қоса КСРО-ның европалық бөлігіндегі лагерлер мен колониялардан 200 000 адам босатылып, әскери құрылыс жұмыстарына тартылды. 1941-1944 жылдары түрмелерден ақталып, ия ісі тоқталып, әскерге алынғандарды қоспағанда, лагерьлерде жазасын өтеп жатқан 1 030 494 адам жергілікті әскери комиссариаттар арқылы әскер қатарына алынған. Бұл лагерьлердің бәрі Қазақстаннан тыс жерлерде орналасқан. Демек, олар Қазақстаннан шақырылғандардың санына кірмеді. Бұлардың екінші легі 1941 жылдың қарашасындағы КСРО Жоғарғы Кенесі Президиумының шешімімен уақытынан бұрын босатылып майданға кетті.

1941-1944 жылдары ІІХК лагерьлерінен әскерге алынған 1 030 494 адамның ішінде қазақстандықтар 1939 жылғы санақ мәліметтеріндегідей тең пропорцияда болды деп санап көрейік. 1939 жылғы ресми санақ материалдарында қазақтар саны 3 100 949 деп берілген. Одан Қазақстандағы ресми мәліметтердегі 2 327 625 қазақты алып тастасақ, елден тыс жерде 773 324 қазақ ресми тұрған болып шығады. Бұдан 1939 жылы санақ кезінде ІІХК нұсқауы бойынша халық санын көбейтіп көрсету үшін қосылған үлестерді алып тастасақ, онда КСРО-ның Қазақстаннан басқа аймақтарында шамамен 739 000 қазақ тұрған болып шығады. Бұларға 1939 жылы ГУЛАГ лагерьлеріндегі 17 333 қазақтың (Украина мен Қазақстан КСР статистика мәліметтеріне қосылған) санақ парақтарын қоссақ, 1939 жылы Қазақстаннан тыс КСРО жерінде 756 333 қазақ мекендеген болып шығады (ресми мәлімет бойынша 773 324 адам).

Зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы қазақтар нақты 2 198 800 адамды құрап, бүкіл КСРО қазақтарының 74,4%-ін құраған деген қорытындыға келеміз.

Бұдан бөлек, Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан бойынша 109 832 адам, негізінен жасөспірімдер, облыстық атқару комитеттерінің шешімімен КСРО аймағындағы майданға жіберілген жұмысшылардың орнын басу үшін фабрикалар мен зауыттар жанындағы оқу орындарына және кәсіптік училищелерге алынды. Бұларды қосқанда мобилизацияланып, Қызылорда облысындағы тұрғылықты жерінен майданға және өндіріс орындарына алынғандар саны еселеп өсе түседі.

**Айтжан ОРАЗБАҚОВ,**
**Қорқыт ата атындағы ҚМУ доценті, тарих ғылымдарының кандидаты.**

№65 (19743) 7 мамыр, сейсенбі 2019 жыл

# «Қызыл Жұлдызды» жауынгер

**Фашистік Германия тұтатқан екінші дүниежүзілік соғыс өткен ғасырдың ең қаралы кезеңі екені тарихтан мәлім. Сол тұста Қазалы ауданынан 11 мыңға жуық азамат майданға аттанса, олардың 6 мыңнан астамы ғана елге оралған. Қазіргі таңда арамызда жүрген саусақпен санарлықтай майдангерлердің қатарында Бекарыстан би ауылының қарт тұрғыны Қабақ Смағұл да бар.**

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.



Бұл күнде тоқсан жастың төріне шыққан кешегі батыр жауынгердің өмір жолына үңілсеңіз, құды ертегі тыңдап отырғандай әсерге бөленесіз.

Қабақ көкеміздің әкесі Смағұл, анасы Төлебике елжұртына беделді адамдар еді. Қабырғасы қатып, бұғанасы бекіп үлгермеген бозбала шағынан колхоз даласында білек сыбана жұмыс істеген кейіпкеріміз еңбек қазанында шарболаттай шыңдалды. Жұмыс нормасы тәулігіне 1,25 еңбек күнін құрайтын. Нәпақасын маңдай терімен тапқан балаң жігіт анасына қоса туыс-туғандарының да асыраушысы болды. Жұмыр әлемді тітіренткен соғыс өрті тұтанғанда Смағұлдың Қабағы да өзге тұрғыластары сияқты майданға баруға тілек білдірген еді. Тым жастығы кедергіге айналды. Өтініші 1942 жылдың шілде айында ғана қанағаттандырылды.

Қабақ қызмет жасайтын полк әскери қимылдарға машықтанған соң Мәскеу бағытына бет алды. Жастайынан ауыр бейнетке пісіп-жетілген ауыл баласы темір тәртіпке тез көндікті. Басшыларының назарына ілікті. Маршал Рокосовскийдің басқаруындағы ІІІ екпінді армия қатарында соғысқан аталған полк Тула қаласына жақын жерде қорғаныс ұрыстарын жүргізді. Қабақ батылдығымен танылып «Ерлігі үшін» медалін иеленді. Бір күні фашистер жанталаса шабуылға шықты. Қорғаныска көшкен Қабақ пен карулас серіктері негізгі күш көмекке жеткенше бекіністі жауға бермеді. Ат төбеліндей солдаттар жанқиярлықпен шайқасты. Бұл жолы Қабақ «Қызыл Жұлдыз» орденін жаркырата омырауына тақты.

Ақыры Тула қаласы да жаудан босатылды. Іле-шала Орел қаласы азат етілді. Осы шайқаста Қабақ Смағұл ауыр жараланды. Горький қаласындағы госпитальда ұзақ уақыт емделді. Соңында әскери комиссияның шешімімен елге қайтарылды. Оның омырауындағы «Қызыл Жұлдыз», І, ІІ дәрежелі «Отан соғысы» ордені, көптеген медальдары майдангердің өшпес ерлігінің куәсі.

Ауылға келген соң Қабақ жеңісті жақындатуға сүбелі үлес қосты. №24 Октябрь орта мектебінде есепшілікте жүргенде соғыс комиссариатының бұйрығымен Қарағандыға еңбек армиясына алынды. Міне, көптен күткен Жеңіс күні салтанат құрды. Кешегі батыр жігіт ағарту үйінің меңгерушісі, ауылдық кеңестің хатшысы лауазымын атқарды. Есепшілік саласында тура 40 жыл жұмыс жасады. Анамыз Күлжан екеуі он бала өсіріп, ел қатарына қосты. Балаларының баршасы жоғары білім алды. Абыз қария бауырынан өрбіген перзенттерінен 21 немере, 20 шөбере, шөпшек сүйіп отырған өнегелі өмір иесі.

Қазалы ауданы,
Бекарыстан би ауылы.

# Жастай көрген майданды



**«Неменеге жетістің, бала батыр?» деп басталатын ақиық ақын Мұқағалидың өлеңі есіме түсіп отыр. Облыс орталығына таяқ тастам жердегі Сырдария ауданы бойынша қан майданның бел ортасында жауға оқ атып, ел үшін күрескен бар-жоғы екі ардагер ғана қалыпты. Бірі – Яхия Тасыров, екіншісі – біздің бүгінгі кейіпкеріміз Махамбет Бержанов.**

Дәулет ҚЫРДАН.

Кенттің шеткі көшелерінің бірінде орналасқан көк қақпалы еңселі үйдің бір бұрышына «Бұл үйде ҰОС ардагері Махамбет Бержанов тұрады» деп жазылыпты. Өскелең ұрпақ білсін, ардагерге құрмет жасап жүрсін деген мақсат қой бағы. Біздің көрген қария төсектен тұра сала, құрметімізге разылығын айтып, сапарымыздың жайын сұрап, терең ойға шомды. Бәлкім, сұрапыл жылдар жайын ой елегінен өткізсе керек. Өмірінің қырық жылын құқық қорғау саласына арнады. Қолынан қару түспеген қаһарман соғысқа аттанғанда кәмелет жасқа да толмаған еді.

– Әскерге Жалағаш ауданына қарасты Ынтымақ колхозынан шақыртылдым. Қазіргі Еңбек ауылы. Алтыншы сыныптың алғашқы айларында әскери комиссариатка шақырды. Ол уақытта бізде ондай мекеме жоқ, Қармакшыға бардық. «Дайындалып жүріңдер, майданға барасыңдар» деп ескертті. Ауылда бейқам жүрген бала едік, 1943 жылдың наурызында Қиыр Шығыстан бір-ақ шықтық, – деді майдангер сөз басында.

Сарбаздарды күн жүріп, түн жүріп, 26 күн дегенде Чита облысы Матсеевский стансасынан түсіріп, жертөлеге орналастырады. Әдепкіде ауыл балаларын аз-кем оқытып, қолға қару ұстатып үйретті. Қағылездерін дереу іріктеп, алдыңғы лекпен майдан даласына жөнелткен. Тамыз айында үшінші эшелонның қатарында Махамбет Бержанов та мылтық асынып, оқ пен оттың ортасына кете барды. Забайкал әскери округі 36-шы армиясының 293-атқыштар полкінде әскери борышын өтеуге кірісіп кетті.

– Бірде Чита облысы Чита стансасында эшелон тұтастай дизентерияға шалдықты. Амал жоқ, ондай ауруға ұшыраған әскер қайдан соғыссын?! Қырық күн карантинге қойды. Содан бізді Германиямен одақтас Жапонияға алуға дайындады. Әбден әскери тәртіп пен ереженің нықтап санаға құйып, қайтпас қайсар етті. Сөйтіп, біз 1945 жылдың 8 мамырында шекара асып, Манчжурияға кіріп бардық. Оны азат ету үшін күрестік. Жапондар жеңіліске ұшырады, – деп қысқа қайырды ақсақал.

Соғыс бітіп, құлазыған елдің еңсесін көтеруге кірісken майдангерлер қатарына Махамбет Бержанов 1948 жылдың қарашасында елге оралғаннан кейін қосылды. Ұлы Отан соғысына аттанып, Жапон соғысынан елге оралған қаһарман 1954 жылы Ішкі істер органдарына қызметке қабылданды. Қармақшы аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы қызметіне дейін көтеріліп, полиция полковнигі шенінде құрметті еңбек демалысына шықты.

Махамбет Бержановка ҰОС жылдарында «Жапонияны жеңгені үшін» медалі, І дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені табысталған. Сондай-ақ, «Ерен еңбегі үшін», «Кеңес милициясына – 50 жыл» медальдарымен марапатталды. «Үздік қызметі үшін» төсбелгісі мен көптеген медальдары омырауда жарқырап тұр. Өсіріп-жеткізген ұл-қыздарынан немере мен шөбере өрбіп, мәуелі ағашқа айналды. Енді ғибратты ғұмыр иесі олардың түзу шыбықтай қалыптасуына тәрбие беріп отыр.

– Айналайын, кезінде біздің қолымыз көп нәрсеге жетпеді. Білім алыңдар, қазір білектінің емес, біліктінің дәуірі. Білсең, озасың, білмесең, тозасың. Замандарың, тыныш, бейбіт болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай. Тілегімізсол, – деген қарияның ақ тілегі мен ақ батасын арқалап біз кеттік.

Сырдария ауданы.

# Жеңісті жақындатқан жан

**Адамзат тарихында өшпес із қалдырған, әрбір жанның жүрегіне жара салып кеткен, ең суық та сұрапыл соғыстың аяқталғанына 74 жыл толғалы отыр. Ұлы Отан соғысына, қан майданға жастары 18-19-ға толар-толмастан аттанғандардың өзі қазірде тоқсанды орталады. Олардың қатары уақыт өткен сайын сиреп, азайып бара жатыр. Биыл облыс бойынша небәрі 25 соғыс ардагері қалыпты. Сондықтан да сұм соғыстың қасіреті мен бабалар ерлігін жазу, кейінгі ұрпаққа дәріптеу – бүгінгі күннің талабы. Өйткені, қасиетті Отанымыздың қорғаны болып, қанқұйлы соғыста жеңіске жеткен майдангерлердің сол бір ауыр жылдар туралы айтқан естеліктері бүгінгі және келешек ұрпақ үшін құнды екендігі даусыз.**

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.



Майданның бел ортасында болып, ел басына күн туғанда етігімен су кешкен жеңіс үшін кеудесін отқа төсеп, ерлігінің арқасында елге аман-есен оралып халыққа қызмет еткен қазақтың қайсар ұлдарының бірі – Төлеген Жүнісов ақсақал. Ол кісімен әңгімелесу үшін үйіне телефон шалып, немересімен тілдестік. Ардагер ем қабылдап жүр екен. Есті салысымен атаны іздеп «Ардагерлер үйіне» бардым. Емнен шығамын дегенше аталған мекемеде дәрігерлік қызмет атқаратын қызы Гүлмира Төлегенқызымен әңгімелестім.

– Әкемнің жағдайы шүкір жақсы. Қаншама дегенмен жасы келген кісі. Бұрынғыдай емес көзінің көру қабілеті төмендеді. Қазір кенже ұлының қолында тұрады. Өзі ата-анадан жетім қалып, ашаршылық пен соғысты басынан өткерген соң бізге үнемі жақсы өмір тілеп отырады,– деді.

Осы кезде Төлеген ата да ішке келіп, жақсы көңіл күймен қарсы алды. Келе салысымен батасын беріп, елдің амандығын тілеп жатты. Жанымызға отырып әңгімесін өзінің туған өлкесінен бастап кетті.

Төлеген Жүнісов Тереңөзек ауданы, бұрынғы Жаңаарық колхозында дүниеге келіп, тағдырдың жазуымен балалар үйінде тәрбиеленген екен. Оған себеп, 1933 жылы орын алған жаппай ашаршылық Төлеген атаны ата-анадан айырады. Балаларымен жетімдер үйіне орналасады. Бесіктен белі шықпай жатып, тағдырдан таяқ жеген бала Төлеген осы жетімдер үйінде қарындасы Гүлайханнан тірідей айырылады. Бауырын еске алғанда әлі күнге дейін қарияның жанарынан еріксіз жас тамады. Өмірдегі жалғыздық, қарындасына деген сағыныш, оны бір көрсем деген арманы әлі күнге дейін ол кісінің көкірегін сыздатады. Осы тұста айта кету керек, бертін келе қарындасына іздеу салып, Мәскеуге дейін барып көреді. Бірақ одан еш нәтиже шықпаған. Сонда да арамызда жүрген шығар деген үміті әлі де сөнген емес.

Төлеген Жүнісов соғыс басталған жылы небәрі он сегіз жаста болатын. 1942 жылы он тоғыз жасында армия қатарына алынып, Өзбекстанның Самарқандт қаласына келеді. Әскерде жүргенінде білімі жетіскендіктен кейін 8 айға кіші командирлікке оқуға жіберіледі. Алайда, оқығанына 5 ай толғанда соғысқа аттанып, Украинаның Луговой стансасына келіп, неміс әскерін талқандауға бел шеше кірісіп кетеді. Бұл Төлеген атаның алғаш қан майданға араласқан жері болды. Жаяу әскердің қатарында болған кіші сержант шеніндегі қария мұнан кейін Украинаның Харьков қаласынан бастап, Прискуров, Тернополь, Львов маңындағы ұрыстарға қатысып, шайқаста алдыңғы шепте жүреді. Автомат пен қол пулеметін еркін меңгерген қазақ баласы осылайша, Украинаны жаудан азат ету жолында ерліктің ерекше үлгісін көрсетеді. Фашистерге қарсы күрестегі ерлігі үшін майдангер «І дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені, «Германияны жеңгені үшін», «За боевые заслуги» және «За отвагу», «КСРО Қарулы күштеріне – 60 жыл», «КСРО Қарулы күштеріне – 70 жыл», «Еңбек ардагері» және «Астанаға – 10 жыл» сынды орден-медальдармен марапатталады. Төлеген Жүнісовке «І дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденін» ұрыс кезінде жаудың соғыс қимылына кажетті құрал-жабдықтпен жасақталған және жан-жағын, алды-артын жіті қарап, бақылай алатын «Тигр» атты көк танкісін жарып жібергені үшін беріледі. Өз міндетіне адал болған қария үшін бұл марапаттың орны бөлек.

Елге оралған бойдан Төлеген қария бейбіт еңбекке бірден араласып кетті. Ешқандай жұмыс таламады. Алдымен колхозда қара жұмысшы болды, мұнан кейін дүкенші болып қызмет атқарады. Есепке қабілетінің, икемінің барлығы біраз уақыт өткен соң бухгалтер болып жұмыс жасауына жол ашады. Содан кейін 1978 жылдан бастап темір жол саласына келіп, монтер болды. Қай жерде жүрсе де, өзінің ісkерлігін көрсете білген. Жайдары ашық мінезі мен қарапайымдылығы оның көпшіліктен тіл табысуына үлкен септігін тигізеді. Осылайша, саналы ғұмырында еңбекке араласып, елінің абыройлы азаматы атанды.

– Қазір жастар жалқау, барлық нәрсе дайын болса екен деп отырады. Кішкене қиындыққа да төзе алмайды. Біздің көргенімізді олардың басына бермесін. Менің замандастарым қаншама қиындықты бастан кешті. Аштықты да, қан төгісті де көрдік. Бірақ біз еш мойымадық, керісінше, ата-бабамыздың аманат етіп кеткен жерін қорғап қалдық, – деді.

Соғыс ардагері Төлеген Жүнісовтің жасы бүгінгі таңда тоқсан алтыда. Зайыбы Жәмилә екеуі екі ұл, екі қыз өсіріп, тәрбиелеп, олардан немере көріп отырған абыройлы ақсақал. Бірақ жыл отасқан жары өмірден ерте озған.

Жастайынан отызыншы жылдардың аштығы мен ел басына төнген нәубет жылдарды басынан кешіріп, одан соң сұрапыл соғыстың қан майданында оқ пен оттың арасынан аман қалып, соғыстан соңғы жылдардағы ауыртпалық тақсіретін тартса да, Төлеген ақсақалдың қашан да рухы түскен емес. Қай кезде де тағдырдың тап келген қатал сынын қайыспай қарсы алып, қасқая қарап, еңсесін тік ұстап, тек алға қарай жүре білді. Сол тік тұлғалы қалпынан таймаған күйінде жүз деген ғасырлық ғұмырға қарай шырақ адымдап келеді.

**Ұлы Отан соғысы – халқымызға төнген ең ауыр төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан алысып, жан берісken сұрапыл кезең болып тарихта қатталып қалды.**

# Ерлік жолы



Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Ықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?! Ешқашан да жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшілердің ерен ерліктері ұмытылмайды! Сол сұрапыл соғыстың артиллерия полкында талай ерлік үлгілерін көрсеткен қызылордалық қаһарман Қожахмет Бектанов атамыздың өрлікпен өрілген өмір жолы ұрпаққа өнеге.

1922 жылы Ақмешітте кедей шаруаның тоқал тамында дүниеге келді. Әкесі Бектан колхозшы, анасы Сазанбайқызы Күріш өмірге үш ұл – Қожахмет, Жұманияз, Бекнияздарды әкеліп, тәрбиеледі. Бала кезДерінде ашқұрсақ жүрсе де, кейде бір уыс бидайды талғажау ететін еді. Қайран ата-ана күнкөріс қамымен перзенттері үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Ұлы Отан соғысы басталғанда он сегіздегі бозбала Қожахмет ата-анасының қолдарын ұзартып, жұмыс істеп, отбасына кіріс келтіріп, тыным таппайтұғын. Жасыратыны жоқ, арасында ұрланып, сол кездегі базар жанындағы халық ин тіреcкен «оянкоматқа» бірнеше рет барып, соғысқа сұранып, мәселі қайтқаны бар. Ондағылардың айтатыны: «Асықпа, бала. Өзіміз шақырамыз». Сөйтіп жүріп 1942 жылы соғысқа шақырылып, жүз шақты бала Қызылорда вокзалынан эшелонға тиеліп Ташкенттің жанындағы Самарқандта әскери дайындықтан өте бастады.

Артиллерия әскерінің машығына екі ай оқып, қаныққан соң мұрттары енді тебіндеген өндірдей мыңдаған жастарды Белоруссия майданына апарып салды.

Белоруссия елі үш жыл бойы жау оккупациясының астында болып, қайғы-қасірет көрді. Фашистер белорус халқының барлық қоғамдық байлығын талан-таражға салды, қалаларды қиратты, селоларды өртеді, 2 миллион 200 мыңнан астам тұрғын мен біздің елден тұтқынға түскен әскерлер құрбан болды. Гитлершілдерден қасірет шекпеген бірде-бір отбасы болмады. Бірақ Белоруссия халқы қас дұшпан алдында тізе бүккен жоқ, басын тік, рухын биік ұстады.

Кеңес әскерлерінің Белоруссиядағы шабуылы соғыс басталуының үш жылдығымен тұспа-тұс келді. Сол өткен үш жылда Кеңес Одағы фашист әскерлерін кескілескен ұрыстарда жер жастандырып, өз Отанын жендеттерден азат ете бастады. Енді неміс армиясының «Центр» тобын тас-талқан ету міндеті тұрды. 1944 жылдың 3 шілдесінде Минск жаудан толық азат етілді. 28 шілдеде І Беларусь майданының әскерлері Брест қаласы мен Брест қамалын жаудан азат етті.

Солардың ішіндегі зеңбірек батареясының көздеушісі Қожахмет Бектанов сол кезде жиырма жастағы алмас қылыштай өткір, бойында күш қуаты тасыған нағыз жалындап тұрған жігіт шағы еді. Жас сарбаз өзіне жүктелген тапсырманы тыңғылықты орындайтын қасиетімен ерекшеленді. Соғыста Белоруссия, Украина, Венгрия жерлерінде болып, жанкиярлықпен талай жаудың көзін жойып, «Ерлігі үшін», «К.Г.Жуков» атындағы, «Германияны алғаны үшін» және Ұлы Жеңістің әр он жылдығы мерекелік медальдарымен марапатталды.

Қанды қырғын жеңіспен аяқталған соң Қожахмет Бектанов елге оралып, ауыл шаруашылығы саласында жемісті еңбек етті. Ташкент қаласындағы аграрлық институтта оқып, агроном мамандығын алды. Бертін келе шаңырақ көтеріп, құдай қосқан қосағы Шакида анамызбен 10 перзент сүйді.

Міне, мәуесін жайған карашаңырақтың ақсақалды қариясы мен әзиз анасы осылай ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, 22 немере, 14 шөбере сүйген әлеуетті әулет.

Ардагер көкеміз карашаңырағында отырғанымызда «Біз көрген ызғарлы күндерді, ұрпағымыз көрмесін, Елімізде мәңгі бейбітшілік орнасын...» – деп, батасын беріп, ел-жұртының амандығын тіледі.

Осы мақаланың жазылуына себеп болған ардагер әкемiздің сүйікті қызы Гүлсара Қожахметқызы былай дейді, жас кезімде папама ерекел: «соғыс туралы айтшы», – деп қасынан шықпайтынмын. Сонда: «Жә, соғысы құрысын! Көппен бірге болдық ғой. Жас болдық па, әлде кейіннен етімiз үйреніп кетті ма, төбемізден жау самолеттері шүйіліп жүрсе де, Белоруссияның орманының ми батпағында зеңбіректерімізді итеріп жүре беруші едік. Қалтамызда бізкаша неміс тілінде жазылған бір жапырақ қағаз болатын. Онда немісті тұтқынға алып жатсақ қалай сөйлесу туралы жиі қолданылатын сөздер жазылған. Немістер жағынан бір самолет ұшып біздің шепті бір айналып өтсе біз бірден біле қоямыз. Яғни, көп ұзамай қаптаған неміс самолеттерінің бомбалауы басталады. Біз дереу шебімізді өзгертіп, терең окоп қазып дайындық жасайтынбыз. Бір зеңбірек орудиесінде төрт жауынгер болдық. Бәріміз де бір адамның баласындай бауырмал болып, ұрыс кезінде бірі-біріміздi қорғаштап, ұйымшылдық көрсете білдік», - дейтұғын.

Иә, Отан алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жерiміздің тұтастығын қорғап қалған ардагерлерге тағзым ету біздің қашан да парызымыз. Себебі, олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақтың өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Сондықтан да біздер бүгінгі бейбіт өмір үшін соғыс ардагерлеріне мәңгі қарыздармыз. Ұлы жеңістің қандай күшпен келгенін ешбір азамат ұмытпай, соғыс тарихын ұрпақтан ұрпаққа естелік ретінде қалдыратыны сөзсіз. Азаттықтың ақ таңында өмір сүріп жатқанымыз – соғыстың жеңіспен аяқталуын маңдай тер, бейнетпен әкелген ата-әжелеріміздің ерен еңбегі.

Болмыс-бітімі батырлық пен өрлікке толы Қожахмет Бектанов атамыз бейбіт кезеңде де тегеурінділік танытып, ұлт рухын асқақтатып келе жатыр.

Қалай десек те, төрт жыл сыз жастанып, жер кепе мен окопта ұйқысыз, мазасыз түндерді, кескілескен шайқастарды басынан өткізген қайсар да қайтпас ер Қожахмет Бектанов атамыздың есімі – батырлықтың символы. Қандай қиыншылық болса да, Отан үшін от кешкен ардагер атамыздың өмірі мен ерлігі – біз үшін үлгі.

**Амангелді СУХАНБЕРЛИЕВ,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі.**
Қызылорда қаласы.

Комиссия ертең келеді деген хабар түскен. ПМК бастығы Ахмет орынбасарын ертіп, нысанды тағы да өз көзімен көруге шықты. Уақыт сәскеден озған. Екі-үш бөлмеден өтіп, оларды дайындап жүрген жұмысшылардың ынталы істерін байқап, көтеріңкі көңілмен келесі бөлмеге ене бере шат пейілдері нілдей бұзылды. Кіреберісте учаске мастері мен жұмысшы түрегелді. Алдарындағы жайылған газет үстінде шөлмек пен балық консервісі, көлмен үзілген жарты бөлке нан. Екеуінің де көзі күлімдейді.

– Бұларың не? – деді басшы.

– Мынаның туған күні еді – деп, міңгірледі мастер жігіт.

– Мә, саған туған күн – деп Ахмет оны періп жіберді.

– Туған күнің құтты болсын – деп, жұмысшыны да құлақ-шекеден қонжитты. Екеуі екі жаққа ұшты. Бокс тілімен айтар болса екеуі де нокдаун мен нокауттың ортасында. Өйткені, олар басшыдан мұндай оқыс мінезді күтпеген. Ахмет Мәскеуде институтта оқып жүргенде бокс секциясына қатысып, курстың чемпионы болған. Мұны қайдан білсін жаңағылар. Олар тәлтіректеп тұрып жатыр еді, басшы жақындай түсті. Енді болмаса тағы да таяқ жеулері анық еді. Сол сәтте олар тасырлап тұра қашты. Сөйтіп, басшының екінші қайтара келген кәрінен аман қалды.

***

Ол партия ұйымы хатшысының кабинетіне жасқана енді. Хатшы бөлмесінде бір өзі екен.

– Хал қалай, жұмысың жақсы ма? – деді Жекен.

– Әйтеуір істеп жүрмін ғой, – деді жұмысшы. Түрінде кінәлі адамның кейпі.

– Дұрыс екен, өткенде бастықтан қалай таяқ жегеніңді білмекшімін.

– Білгенде..., мен өзім ғой кінәлі.

– Қалай сен кінәлі боласың? Таяқ жеген сен.

– Қалай айтсам екен, ... біз сол күні арақ ішіп едік.

– Ішсең, ішкен шығарсың. Бірақ, ол сенің азаматтық құқыңды басынып, неге сені жұдырықтайды?

– Айттым ғой, өзім кінәлімін деп.

– Сен кінәлі емессің. Сенің кінәң сөгіс беруге ғана тұрарлық.

– Жоқ, аға, мен өзім кінәлімін.

– Сен, айтқан сөзіңді қайталай берме. Бастық сені басынып отыр. Оны орнына қою керек. Сен осы жерде маған оның үстінен арыз жазып бересің. Қарай гөр, келешегі бар жақсы жұмысшыны таяқтың астына алуын!

– Жоқ, аға, мен арыз жазбаймын. Өйткені, менің жазығым бар. Мен ол кісіден ұяламын. Содан бетіне қалай қараймын.

– Қап, мынаның кертартпалығын-ай! Енді қарап тұр, бәлем. Мен сені жұмыстан қуғызамын. Сен арақ іштім деп қақсап тұрсың. Ендеше, біздің мақтаулы құрылыс ұжымына сендей маскүнемге орын жоқ.

– Сонда менің отбасымды кім асырайды, аға?

– Білмеймін, сендей қырсыққа сол дауа.

– Енді не істеймін?

– Арызыңды жаз.

– Мен өмірімде біреудің үстінен арыз жазып көрмеп едім.

– Жаз, өзім айтып отырамын...

Жекен ішіндегісін жұмысшыға сездірген жоқ. Ал, оның арманы жас басшыны жұмыстан кетіру еді. Осы ой оны біраздан мазалайтын. Мұны талантты басшыға деген көреалмаушылық кеселі айналдырып алған еді. Жиналыстарда басшының орынды сөйлеген сөздері мамандар мен жұмысшылардың көңілінен шығып жатқанын көріп, іштей қызғаныш сезімге оранатын ол. Хатшыда өзгеге деген осындай іштарлық бұрыннан бар болатын. Осыны ол бүгінге дейін білдірмей, сездірмей келді. Енді орайы келген сияқты. Мына өрескел қимылының арқасында бастықтың орнынан алынып қалатынын сезеді. Бұл арызды ол құрылыс басқармасы біріккен партия комитетінің хатшысына жеткізеді.

***

Дүниеде күткен ауыр. Аэропортқа келіп, ұшақтың кешігетінін естігесін уақыт жылжымай, тұрып алады. Қуанышты хабардың кешіккеніне жұрт тағатсыздана шыдайды. Ал, егер алдыңда белгісіз, нәтижесі жағымсыздау істі күтсең, онда адам баласының көңіл-күйі күрделі және қиын. Осындай қолайсыз, ауыр күйді Ахмет басынан өткерді.

Біріккен партия комитетінің хатшысы Ахметке телефон шалып, бес күннен кейін мәжіліс болатынын хабарлады. Дауысы салқындау. Бұрынғыдай еменжарқын сөйлесу жоқ. Осыдан Ахмет секем алды. Жағдайдың оңдағай болмайтынын сезді. Алда бес күн бар. Аз да, көп те. Не істеу керек? Жіберген қателігін енді ұқты. Оны ол ет қызуымен істепті. Оған ол ортақ іске жаны қатты ашығандықтан барды. Бірақ, соны кім түсінер. Ертең кім де болса бұған орынды сұрақ қояды: «Қызметкерді және жұмысшыны тәртіпке шақырудың жолдары көп, бірақ, солардың ішінде адамға қол жұмсау жоқ, неге сен қол жұмсадың?» деген сауалға мұның мәнді жауап қайтара алмасы анық. «Адам құқығын таптадың» деп, қатты айыптайды. Сабақта тәртіпсіздік көрсеткен оқушыны басынан шерткен мектеп директорын орнынан алып жатқан уақыт еді сол заман.

***

Жекеннің қылығы Ахметке қатты батты. Бұрын ол Ахметтің ісін толық қолдаумен, барынша қолпаштаумен болатын. Отбасылық қатынастарда да жылулық көрсетуші еді. Енді, міне, төтеннен өзгеріп сала берді. Іштен шалды. Әйтпесе, сол оқиғадан кейін ол Ахметпен жеке тілдесуіне болатын еді. Олай жасамады. Ашық сөзге келмеді. Арыз жинады, оны басқарма партия комитетінің хатшысына тапсырыпты. Онымен Ахметтің жылы араласуы және аса түсініктігі жоқ. Соны пайдаланғандай. Екеуінің амалы бір сияқты. Бірақ, үлкен басшыға білдірмепті. Әлдебір партком мүшелерін дайындап та қойғандай.

Ахмет күрт өзгерді. Ол жұртпен сөйлесуді азайтты. Кабинетінде отырып, ойға шомды. Алдағы өмірін болжайды. Бұрынғы ашықтығын, көпсөзділігін іштей сынайды. Адамға сенуге болмайтынын түсінді. Ұстамды, сабырлы мінезі де өзгерген. Шатынап, шыға келетінді шығарды. Адамға қанша жақсылық жасағанмен қайтпады. Мен неге өзгеге жұмсақ қарауға тиіспін? Қой, мұның енді жарамас. Енді барлығына қатал қараймын. Тек жұмысты талап етемін. Ешкімге аяушылық көрсетпеймін. Өйткені, маған олай жасалған жоқ. Бұл бір оның дел-сал болып жүрген кезі еді.

Ахметті реніш сезім қатты биледі. Ешкімді көріп те, сөйлескісі де келмеді. Сол уақытта хатшы қыз кіріп келіп: «Ағай, сізге бір кісі келіп тұр» десін. «Рұқсатсыз неге кіресің» деп Ахмет қызға дүрсе қойды. Мұндай қатаң мінезді бұрынсоңды көрмеген қыз сасып, абдырап қалды. Көзінен мөлтілдеп жас көрінді. Ахмет оны іштей аяп кетті. «Келген кісіні шақыр», – деді жұмсақ үнмен.

– Халың қалай, інім? – деді кабинетке енген азамат. Өзі ұзын бойлы екен. Ахметке түрі ұқсас, бұрын көргендей болды. Өңін бере қоймаған. Жақсы қойылған шоқша сақалы да жарасады өзіне.

– Жақсы, аға, – деп, тұрып Ахмет сәлем берді.

– Бұрын осы мекемеде жұмыс атқарған ағаңмын. Қазір зейнеттемін. Бүгін үйден шығып, өзіңмен сәлемдесіп кетейін дедім.

– Аға, сәлем беретін сіз емес мен ғой.

– Жоқ, қарағым, сендер жұмысбастысыңдар. Мен уақытым көп адаммын. Әрдайым үйдемін. Ерте заманда ауылдың ақсақалы аптасына үйлерді аралап, өз інілерінің хал-жағдайын білетіні бар екен. Мен де сол мақсатпен таң ата үйден шықтым.

– Аға, мен сізді таныдым. Сонау жылы мен осы мекемеге енді ғана келген шағымда маған бағалы кеңес берген едіңіз.

– Ендеше, бүгін саған ақыл айтып, басыңды ауыртқалы келген жоқпын. Сендерді аңсап, көріп кету үшін ғана келдім. Өмір тік көше емес, қиыншылықтары мен адам білмейтін қалтарыстары көп, содан аман бол. Жұмыстарың, атқарып жатқан істерің әрқашан оңды, сауапты болсын, інім. Осыны айтып ол кісі шығып кетті.

Жақсы адамның, көпті көріп, санасына мағыналы ой түйген азаматтың осы келісі бекерден бекер емес екенін Ахмет ой түбінен аңғарды. Сонда ол неге келді, нені айтқысы келді, қандай мақсат көзделі? Ахметке бұл беймәлім. Мүмкін, ол азамат бұрынғы айтқан кеңесін қайталағысы келді ме? Ол тек болжауға ғана шамасы бар. Дәл осы келіс Ахметтің қиналып, қобалжып жүрген кезі. Ағаның осы келісін ол жақсыға жорыды. Ойлап қараса ол кісінің айтқаны салмақты. Оның өмірінде орын алған, кезіккен сұрақтарға оңды жауап таба алмай жүрген мезгіл. Мүмкін, осында бір сыр жатқан болар. Өмір жауабы жылт еткендей болды. Ахмет тағы ойға шомды.

Кешқұрым ерте жатқанмен Ахмет көпке дейін ұйықтай алмады. Дөңбекши берді, ойлар тізбектесіп, кезектесіп, санаға тыныштық бермеді. Түн ортасы ауа ғана мызғыды. Таң алагеуімдегі күңгірт шақта Ахмет ақ сақалды, ұзын бойлы аққуба қарияға кез болды. Бір жағынан өзінің әкесіне ұқсай ма, қалай. Қолын алғысы келгенімен, жете алмады. Қария сөйлеп кетті: «Балам, қатыгез болма. Адамға сен. Сенімсіз өмір, өмір емес. Алданғанның айыбы жоқ. Алдағаннан гөрі алданғанның қайыры мен несібесі мол. Адамды кеудесінен итерме. Жақсының маңы жаман адамсыз болмайды. Біреуді соңына түсіп, қинама. Кешірімді бол, кем болмайсың!». Үйінің тұсынан өтіп бара жатып, жаяу жүргіншіге дыбыс берген машинаның дауысынан Ахмет оянып кетті. Сөйтсе, күн біраз көтеріліп қалған екен. Неге екені белгісіз, оның есіне кеше кабинетіне келген азамат түсті...

***

...Мәжіліс аяқталуға жақын. Басқарма бастығы Бекжігіт орнынан түрегелді. Осы азаматтың сұсы ерекше. Түр-тұлғасы да сондай. Әсіресе, дауысы. Адамның дауысы көп жайды аңғартса керек. Ол кісінің дауысын өзге көп үн ішінен айна қатесіз тануға болады. Сол ерекше дауыста қуатты Ниагара су құламасына он шақырым қалғанда естілетін гүріл бар еді. Бекжігіт алдындағы адамдарды көзімен асқылай шолып өтті. Партия ұйымының хатшысына тесіле қарады. Сөйтіп, сөзін бастап кетті: «Сендер не айтып отырсыңдар, осы? Шынымен, ПМК-ның бастығы Ахметті орнынан алу ойларыңда ма? Сонда не үшін? Соңғы жылдары артта қалған құрылыс мекемені алға шығарғаны үшін бе? Өндірістік ережені өрескел бұзған шебер мен жұмысшының нұқып қалып, тәртіпке шақырғаны үшін бе? Онда, сендер мені де қосып алып жазалаңдар.

Өйткені, осыдан жиырма жыл бұрын мен де ертең егіске су жеткізу үшін қажет каналды қазып жатқан экскаваторшының арақ ішіп, талтүсте ұйқыны соғып жатқан үстінен түсіп, құйрығынан теуіп оятқаным бар. Жоқ, бұлай істеуге болмайды. Кәне, осы отырғанның ішінде қайсысың Ахметтің орнына барып, соның жұмысын сол азаматтай атқара аласың?! Жо-оқ, мен бұл жерде ондай жанды көріп отырғаным жоқ. Ендеше, оған партиялық сөгіс берілсін», – деп орнына отырды. Партком мүшелері басқарма басшысының айтқанынан шыға алмады. Сөйтіп, адуынды азаматтың ықпалымен Ахметке төнген қатер сейілді.

***

Жекен оқыс оқиғаға ұшырады, науқасқа шалдықты. Оған шетелдік ота қажет. Ол Мәскеуде. Белгілі клиникада. Бірақ, оның шығынын көтерер қаржылық қауқар Жекеннің отбасында жоқ. Осыны Ахмет естіді. Ол екіұдай сезім құшағында қалды. Бір жағында партбюро хатшысының оған жасаған опасыздығы. Екінші жағында Ахметтің әке мен анасынан жұққан адамсүйгіштігі, өзгеге жақсылық жасауға біртабан жақын тұратындығы.

Ахмет Мәскеудегі клиника басшыларымен сөйлесті. Жағдайды түсінді. Не болса да әріптес ағасына көмектесуге бел буды. Мәскеуге Жекенді өзі алып келді. Ота жасайтын клиника бас дәрігерінің кабинетіне кірді. Маңдайшада: «ЛАТЫШЕВ АЛЕКСАНДР ВАСИЛЬЕВИЧ» деген жазуды оқыды. Көзіне оттай басылды. Ұстазының фамилиясы ғой, мынау. Ол кісінің Саня деген 5-6 жаста ұлы бар еді. Сол болмаса етті. Кабинетке енді. О, Алла! Алдынан ұстазы көрінді. Қалай аумай қалған әкесінен. Ахмет: – Сен Саня емессің бе? – деді. Ол күліп, орнынан тұрды, қолын ұсынды. Ахмет оны құшақтап, кеудесіне басты.

– А я Вас сразу узнал. Но только не помню Вашу фамилию. Вы очень похожи на своего отца, который, когда мне было двенадцать лет, собрал мою правую руку. Вашего отца запомнил на всю жизнь. Тогда мне врачи не смогли помочь. Ваш отец смог. У него были золотые руки и доброе сердце.

Ахметтің сонда бала кезінде ұстазының ұлы Саняның талдан құлап оң қолын екі жерден сындырып алғаны есіне түсті. Әкесі баланы екі апта емдеді, дәрігер салған қолды жылқы майына салып, жібітіп, қайтадан салды орнықтырып. Бала да қиналды, әкесі де шаршаған сол кезеңде. Василий Петрович және оның зайыбы неміс тілінің мұғалімі Вера Ильинична зәрелері кетіп, қорыққандарын Ахметтің әкесі айтқан болатын. Бірақ, нәтиже оңды болды, ай өткесін баланың қолы оңға келді. «Жақсы әке балаға қырық жыл азық болады» деген осындайдан шыққан болар. Текті әкесінің өзгеге жасаған жақсылығы міне соншама жылдар өткесін Ахметке өз игілігімен оралды. Ахметтің де, Саняның да қуанышында шек жоқ. Жекен ағасы аң-таң. Ахмет сырқаттың жағдайын түсіндіріп, бас дәрігерден көмек сұрады. Екеуі өзінің ұстазы, дәрігердің әкесі Василий Петровичті де ауызға алып, естеріне алды. Бас дәрігер үш күн өте ауыр науқас Жекенге ота жасайтынын айтып, оны бірден палатаға жатқызды. Уақыты келгесін ота жасалды, сәтті өтті. Ахмет Саняның нұсқауы бойынша ешқосымшасыз өз қалтасынан қомақты қаржыны клиника кассасына тапсырды. Жекеннің қасына оның ұлын қалдырып, өзі ауылға аттанып кетті.

***

Досы Жекеннің хал-жағдайын білмек үшін келіпті. Жекен оны Мәскеуден оралғалы алғашқы көруі.

– Алыс сапардан аман-есен келдің. Халың қалай?

– Шүкір, Берік, жаман емеспін. Ауылды сағынып қалыппын.

– Ажарың жақсы екен.

– Ажарда не тұр тәйірі, одан да менің ойымда не бар екенін сұрамайсың ба?

– Иә, бәсе, не бар еді сенің ойыңда?

– Не айтасың... Менің сыртым бүтін, ішім түтін.

– Міне, қызық. Сырқатыңнан жазылыпсың, енді сенікі не уайым?

– Жазылуын, жазылдым. Бірақ, санам мен көңілім тынышталар емес.

– Сонда қалай? Сені не мазалайды? Бұрыннан сыйлас Ахмет інің сені Мәскеуге өзі алып барып, емдеп әкелді. Саған одан артық не керек?

– Е-е, мәселе тап осында. Мені ол өтпейтін пышақпен бауыздады ғой. Мен оған кезінде не істемедім. Ал, ол маған не істеді? Ол бұрынғының бәрін ұмытып, мені Мәскеуге өзі алып барып, емдеп алып келді. Бірақ, ол өткенді ұмытты ма?! Осыны неге істеді. Мәселе сонда!

– Ұмытпаса, саған осы жақсылықты көрсетер ме еді?

– Мен, әрине, Ахметке ризамын. Оның маған жасаған жақсылығы зор.

– Мен де соны айтамын ғой.

– Ал, менің ішім күйіп барады! Маған өз балам істемеген жақсылықты, бұрын өзім қинап, опасыздық жасаған әріптесімнің осындай игілікті іс істегені санама қатты батады. Міне, осынысымен ол мені алып ұрды, таптады, езді! Ал, мен жеңілгенді ұнатпаймын. Сондықтан, мен оған қатты ашуланамын. Оны жек көремін. Түсінемін, менің осы сөзім дұрыс емес. Бірақ, мен өзіме түк істей алмаймын, өзімді көндіре алмаймын.

– Оу, сенің сырың тереңде екен-ау! Қиын жағдай ғой бұл.

– Неге екенін білмеймін мен әйтеуір өзімнен қабілетті жанды көрсем тырысамын.

– Сонда қалай?

– Оның қалайы жоқ. Өзім де түсінбеймін, шамам келмейді. Ол адамда алыс-берісім де жоқ болуы мүмкін. Онымен адами арақатынасым да жап-жақсы болуы ықтимал. Көрер көзге, сыртқа еш нәрсе білінбейді. Бірақ, өзімнен ақылды, білімді, өрелі азаматты көргенде менің ішім ашиды, қатты қызғаныш құшағында боламын. Маған бұл әдет мектепте оқып жүргенде жұқты. Әкем былай: «сен барлығының алдында боласың» деп үгіттеуші еді. Содан мен класымның алды да болдым.

– Енді мұның несі айып?

– Айыбы сол, бұл әдет менде үлкен өмірге бет алғасын күшіне мінді ғой. Жұмыста болсын, тойда болсын, демалыста болсын, өзімнен абырой-атағы жоғары азаматты кезіктірсем сол күні мен тиыш ұйықтай алмаймын. Түнімен сол адамның «Менен қай жері артық» деп ойлаймын да тынышталмаймын.

– Мына Ахмет ініңізбен нені бөлісе алмай қалдыңыз?

– Ойбай, нені бөліспедің дерің бар ма. Бөлісер түгіміз жоқ. Ол білікті басшы, мен сол ұжымда партия жұмысын басқарамын. Ол алғашқы рет басшы болғанда мен де қуанып, одан барлық көмегімді аяған емеспін. Уақыт өте келе ол үлкен абыройға ие бола бастады. Міне, содан басталды ғой менің оған деген іштарлығым. Сырт көзге бәрі де жақсы. Қатысымыз тәп-тәуір. Сөзіміз жарасымды. Бірақ, оны іштей жек көремін. Солай, бала.

– Бала мен емес, дәл осы сен. Өйткені, сенің сөзіңде қисын аз. Сен сол баяғы майдалығыңды әлі қоймапсың. Сенде нашар пендешілік әдет мүлдем басым. Бұл жақсы емес.

– Қатты кеттің ғой, досым.

– Әрине, қатты да, ащы да айтамын мен. Өйткені, саған мен душпан емеспін.

– Солай де.

– Дәл солай. Бетіңе басып, шыжғырып шындықты айтпасам менің қай жерім дос. Ахмет өзінің жоғары адамгершілігі арқасында сенің тәніңнің сырқаттан арылуына себепкер болды. Мен енді сенің жаныңды емдеуге дәл қазір кірісемін.

– Қолыңнан келсе!

– Біле білсең, сен Ахметке емес, бүкіл қазақ атаулыға кесір тигізіп отырсың. Сен сияқты «көреалмаушылық» кеселіне ұшырағандар өткен заманда еліміздің данышпандары ұлы Абайды, Әбішті, Нұрғисаларды қинаған.

– Мынауың мен үшін жаңалық болды-ау, ә! Осы сөзді мен естимін деп ойлаппын ба?!

– Ендеше, одан зорын айтайын. Сен «Күншілдік» тұзағына түскен адамсың. Кім білген, мүмкін сенің кеше осындай қатты сырқаттануыңның бір ұшы осында жатқан да шығар.

– Астапыралла! Мынау не дейді? Шектен шығып кеттің, сен!

– Шыққам жоқ. Сен жақсылық жасаған азаматты аспанға көтеруің керек. Сен оның жақсылық жасауының себебін түсінбейсің. Біле білсең, ол жақсылықты сендей сияқты ұсақ пендешілігі мол адамдар түсініп, өзгерсін деп отыр. Әрине, алдымен саған жасап отыр. Бірақ, сенің түпкі мақсаты сол, менің ойымша. Мен сен сияқты көп оқыған жоқпын. Бірақ, өмірімде көріп-білгенімді талдаймын, ойланамын, себебін түсінуге ұмтыламын. Адамдардың әрекетінен сен сияқты жамандықты емес, алдымен жақсылықты іздеймін.

– Апырай, ә. Мені біраз жерге апарып тастадың ғой. Қайтып орала алсам болғаны!

– Ораласың. Әлі де кеш емес. Санаң мен пейіліңді, ойың мен көңіліңді тазарт, өзгерт, пәледен арыл. Өзің үшін, балаларың мен ұрпағың үшін ұмтыл, тырыс. Ойлан, досым! Сенің осы жаман мінезіңнің саған қаншалықты қатер екенін сен білмейсің. Жақсы іс бітіргенді, өзгені сыртынан жамандағанға мәзсің. Соны сенің ұрпағың тыңдап отырады. Ертең олар да сендей ұсақ пендешілігі мол адам болып шыға келеді. Сен балаларыңның келешегін ойламайсың. Міне, сенің үлкен қателігің осында. Сен өзіңмен кетпей баланың, ұрпағыңның жолын кес-кестеп жүрсің. Француз жазушысы кеуіп қалған шегрен терісін айтқан екен. Сен де сол кеуіп қалған көн сияқты қашан көрсең тырысып-бүрісіп отырғаның. Сендей қызметі, сенікіндей білімі бар адам емен-жарқын, тойған қозыдай болып жүр ғой. Пейіліңнің тарлығынан, көңіліңнің кірбіңінен сен осындайсың.

– Қоймадың ғой, сен. Сені маған болыса ма деп үміттеніп едім. Сен маған енді дос емессің, Берік. Бұдан былай мен сені көрмеймін. Жоғал, әрмен!

– Мен кетемін, мұндай адамға дос болғанша сайтанға жақын болғаным дұрыс.

– Бар, – дедім ғой саған.

– Барсам барам. Сен қаларсың бір өзің. Енді саған ешкім жоламайды. Ертең сенен өз балаң да безер, бүйте берсең.

– Құрып кет, сен!

***

Берік кеткелі Жекен дел-сал күйде. Ол Берікті жақсы көруші еді. Сөйткен досы бұған бұрынсоңды естімеген ауыр сөз айтты. Жекен осыдан екі түн, екі күн үйінде жатып алды. Ауру емес, не сау емес. Дәмге тәбеті жоқ. Досының айтқандары ойынан кетпейді. Сонда бұл осы уақытқа дейін дұрыс өмір сүрмеген ғой? Өз өмірін тағы бір сүзіп өтті. Сөйтсе, мұның атқарғаны – өзгені жамандау, өсектеу, сыртынан жәбірлеу. Ұзақ ғұмырында адамға жақсылық істемепті. Өмірі бекершіліктен өтіпті. Енді не істеу керек? Қандай жолмен жүру керек? Тіпті, сол жол қалды ма?!

Бүйткенше, бұл тозақтан біржола құтылайын. Ол қолын қорапқа соза берді. Сол уақта бөлмесіне ұлы енді. Жекен созған қолын тартып алды. Ұрпағына көзін салды. Баласының түрінде үрей. Оны аяп кетті. Ертең оның жағдайы қалай боларын кім біледі. Жұрттың сұрауына ұлымның не жауап беруін ойламаппын-ау. Ұлы: «Көке, не істеп отырсың? Бір жерің ауыра ма? Не керек?», – деді. – Жоқ, айналайын, еш жерім ауырмайды, әншейін ойланып отырғаным ғой. Ұлы тесіле қарап, шығып кетті.

Жекен өзінен өзі сөйлеп кетті: «Мені ішімнен жегі аямай жеп жатыр. Үңгіп жатыр. Мені аяқ бастырмайды. Бұрынғыша жүре бер дейді. Өзгерме дейді. Өзгерсең өлесің дейді. Ал, мен өмір сүргім бар. Жұрт қатарлы. Жан-жағыма қараймын. Өз-өзімен тату өмір сүріп жатқандарға қызығамын. Бірақ, қаныма сіңген үйреншікті әдетім босатпайды. Енді не істейін?! Әбден шаршадым, мүлде болдырдым-ау!».

Ол енді екі-ақ жолдың қалғанын сезді. Біріншісі – алаңсыз өшу, дүниені аластау, ғайып болу. Бірақ, мұны Алла да, адамдар да кешірмейді. Есіне жас кезінде естіген аңыз әңгіме түсті. Бір жолаушы көктем шыға дария жағасындағы үйге кіреді. Үйде орта жастан асқан ер азамат тірлігін жасап жатыр. Өзге ешкім жоқ. Жолаушы жөн сұрайды. Үй иесі кеше ғана дариядан мұз жүреріде әйел, бала-шағасының суға кетіп, опат болғанын айтып күңіренеді. Жолаушы оған басу айтып, тәубеге кел, Алладан жақсылық сұра, шүкіршілік ет дейді де жөніне кетеді. Содан оншақты жыл өткесін сол жолаушы тағы сол үйге келеді. Үйдің ішінде өткенде көрген ер азаматты жанында үш баласы және әйелі көрінеді. Үй иесі жолаушыны танымайды. Бастан кешкен тарихын айтты. Сондағы жолаушының сөзі үмітінің үзілмеуіне себеп болғанын айтып, ағынан жарылады. Жолаушы тағы батасын беріп кете барды. Сөйтсе, ол Қыдыр баба екен.

Қаршыға өзін сол дария жағасындағы үйдегі ер азаматпен салыстырды. Халі одан әлдеқайда тәуір екенін аңғарды. Санасында үміт ұшқыны тұтанды. Қолына қалам алды, хат жаза бастады...

***

Ахмет кабинетіне енгені сол, көмекші қыз хат берді. Хат Жекеннен. Таңданыспен конвертті ашты. Оқи бастады: «Ахмет інім! Өмірімде мен оңды іс атқармаппын. Осыны кеше ғана Берік досыммен сөйлескенде білдім. «Өлімнен ұят күшті» депті. Сол ұяттан өлгім де келді, Ахмет. Бірақ, өлімге өзімді қия алмадым. Әлсіз екенмін. Маскүнемнің дәрі ішіп, алдындағы араққа қарай алмай, санасы мен тұла бойы сырқырап, сүйектері сынып кетердей күйіне түстім кешелі бері. Жарық дүниеге жаңа келіп, оянып, өзгеріп отырмын. Алла ұрпағым үшін маған осындай мүмкіншілік берген шығар. Мені осы жарық дүниеде аман алып қалған Берік досым мен сен, Ахмет, сенің өнегелі жолың мен ісің. Мен саған опасыздық жасадым. Содан да, саған қарай алмаймын, көзбе-көз сенімен сөйлесуге менде бет жоқ. Мүмкін, алдағы уақытта, Алла бұйыртса, кездесерміз. Сен ақылды азаматсың, қазақтың жігіті сендей-ақ болсын. Алла тілеуіңді берсін! – Жекен».

**Серікбай ҚОШҚАРОВ,**
**Қорқыт ата атындағы ҚМУ профессоры.**



# Өзгеру

**(Әңгіме)**

# Хабарландыру

**Қызылорда облысының білім басқармасы «Қызылорда облысының білім басқармасының «Облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығы»** коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

**Орналасқан орны (мекен-жайы):** 120303, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Бесарық ауылдық округі, Бесарық ауылы, қоныс Бесарық, ғимарат №1. «Қызылорда облысының білім басқармасының «Облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығы».

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

1) Жоғары педагогикалық білімі немесе тиісті бейін бойынша жоғары білімі;

2) «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығына сәйкес жоғары педагогикалық білімі немесе тиісті бейін бойынша жоғары білімі, білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл немесе басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

3) Бірінші немесе жоғары біліктілік санатының және (немесе) «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» санатының болуы (мемлекеттік қызметшілерді, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, әдістемелік қызметтің қызметкерлерін қоспағанда);

4) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

5) соттылығының жоқ екені туралы анықтама.

**Лауазымдық міндеттері:**

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарын ұйымның Жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады. Мәдени-демалыс қызметі, дене шынықтыру және спортты дамыту саласындағы әлеуметтік, қосымша білім беретін, коммуникативті қызметтерді көрсету бойынша құрылымдық бөлімшелердің жұмысы мен өзара әрекетін ұйымдастырады.

Басқарудың заманауи әдістері негізінде жұмысты болжайды және жоспарлайды. Шағын аудандарды дамытудың әлеуметтік-педагогикалық бағдарламаларын әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады. Білім беру сапасын бақылауды жүзеге асырады, білім беру процесі кезінде ұйымның білім алушыларының және қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығына қажетті жағдай жасайды. Педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады.

Білім беру және тәрбиелеу мәселелері бойынша алыс және жақын шетелдер балаларына арналған қосымша білім беру ұйымдарымен өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту бойынша шараларды жүзеге асырады, заманауи ақпараттық технологияларды белсенді пайдаланады және дамытады. Басқару құрылымын анықтайды, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының қаржы-шаруашылық қызметін басқаруды жүзеге асырады. Білім алушылар контингентін қалыптастырады. Педагогикалық қызметкерлер мен әдістемелік бірлестіктер жұмысын үйлестіреді, қамқоршылық кеңес пен қоғамдық ұйымдар, оның ішінде балалар ұйымдары қызметіне ықпал етеді.

Есепті, оқу-материалдық базаларды сақтауды және толықтыруды, санитарлық-гигиеналық режимі, еңбекті сақтау және техника қауіпсіздігі қағидаларын сақтауды қамтамасыз етеді. Педагогикалық кадрлар мен қосалқы персоналдарды іріктеу және орналастыруды жүзеге асырады, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды.

Жұртшылықпен байланысты жүзеге асырады, білім алушылардың ата-аналарымен (оларды алмастырушы тұлғалармен) жұмысты үйлестіреді. Есептілікті дайындау және қажетті ұсынысты қамтамасыз етеді. Барлық органдарда ұйымның мүддесін қорғайды және Қазақстан Республикасы заңнамаларында тыйым салынбаған өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін анықтайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары жұмысының бейіні және оның ерекшеліктерін, жасөспірім және жеткіншек жастағы психологияның жас ерекшеліктерін, әртүрлі әлеуметтік ортадағы психология, әлеуметтану және жұмыс ерекшелігін, жалпы және отбасы педагогикасының негіздерін, экстремальді жағдайларды анықтау әдістерін, жасөспірім мен жастар үшін консультациялар жүргізу әдістерін, қиын жасөспірімдермен және жастармен жұмысты ұйымдастыру, педагогика, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практика жетістіктерін, экономика, қаржы-шаруашылық қызметі, еңбек туралы заңнамаларын, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өртке қарсы күрес нормалары мен ережелерін, санитарлық ережелер мен нормаларды.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** жоғары педагогикалық білімі немесе тиісті бейін бойынша жоғары білімі, білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл немесе басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

**Лауазымдық жалақысы**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы еңбек өтіліне қарай 92 201-111 845 (экологиялық коэффициентті қоспағанда) теңге аралығы.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті мәлметтерді мына мекен-жайы бойынша білуге болады:

Қызылорда облысы әкімдігінің «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 3 қабат, 327 кабинет. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс № 1, индекс 120002. Байланыс телефон: 8/7242/ 60-54-56, эл. почта: bilim@korda.gov.kz

Конкурс «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 28.09.2018 жылғы №510 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Білім беруді басқару органы хабарлама жарияланған күннен бастап **жеті жұмыс күні** ішінде бос лауазымға орналасу үшін мынадай құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады.

**Конкурсқа қатысу үшін тапсырылатын құжаттар:**

1) Білім беруді басқару органы басшысының атына тұрғылықты тіркеу орнын, нақты тұратын жері, байланыс телефондары көрсетілген конкурсқа қатысуға өтініш;

2) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың көшірмесі;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

5) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және фото;

6) ескертпелер мен көтермелеулерді көрсете отырып, бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінездеме;

7) біліктілік санаты және ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);

8) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

9) соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама;

10) тестілеуден өткендігі туралы анықтама (болған жағдайда);

11) білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспарын ұсынуы қажет.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелері жұмыс орнының кадр қызметі немесе білім беру ұйымының жауапты қызметкері тарапынан куәландырылады және мөрмен куәландырылады.

Көзделген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаса, кандидаттың Конкурсқа қатысу үшін берген құжаттарын қабылдаудан бас тартылады.

Конкурсқа қатысу үшін кандидат білім беруді басқару органының қарауына өзінің кәсіби жетістіктері, біліктілігін арттыруы, ғылыми зерттеулері, өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтауы, наградалары туралы материалдарды ұсынуға құқылы.

**Конкурс үш кезеңде өткізіледі.**

1) конкурсқа қатысушылардың біліктілігін бағалау;

2) облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығының қамқоршылық кеңесімен кандидаттарды келісу;

3) білім беруді басқару органының конкурстық комиссиясының отырысында әңгімелесу.

Комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасын, бала және жасөспірімдер жасының психологиясын, ұжымдағы басқару және іскер өзара іс-қимыл психологиясын, кадрлық менеджмент және қызмет этикасы мәселелері бойынша теориялық білім деңгейін айқындау, сондай-ақ үміткердің педагогикалық жетістіктерін, кәсіби және жеке қасиеттерін, ұйымдастырушылық қабілеттерін, болжанатын лауазым қызметінің перспективасын айқындауға қатысты ақпаратты нақтылау, болжанатын лауазым перспективасын айқындау мақсатында білім беру мекемесі ведомствосы және қарамағында болып табылатын білім беруді басқару органының Комиссиясы әңгімелесу өткізеді. Комиссия әңгімелесу өткізу тәртібін өзі айқындайды.

Облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығының директоры лауазымына кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптар «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына сәйкес айқындалады.

Конкурстың барлық кезеңдері аяқталғаннан кейін Комиссия **үш жұмыс күні** ішінде бір үміткерді айқындайды және оның кандидатурасын лауазымға бекіту үшін конкурс жариялаған білім беруді басқару органының білім басқармасының басшысына ұсынады.

Конкурстан өтпеген кандидаттарды білім беруді басқару органы **үш жұмыс күні** ішінде конкурс қорытындысы туралы жазбаша хабардар етеді.

Конкурс жариялаған білім беруді басқару органының басшысы **үш жұмыс күні** ішінде оң нәтиже алған конкурс қатысушысымен төрт жыл мерзімді ұзарту құқығы бар шартты жасасады және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.

**Қызылорда облысының білім басқармасының конкурстық комиссиясы.**

# Хабарландыру

**Қызылорда облысының білім басқармасы «Қызылорда облысының білім басқармасының «№2 облыстық арнайы санаториялық мектеп-интернаты»** коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

**Орналасқан орны (мекен-жайы):** 120100, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Бақтыбай батыр көшесі №127 **«Қызылорда облысының білім басқармасының «№2 облыстық арнайы санаториялық мектеп-интернаты»** коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**Конкурсқа қатысуы үшін қойылатын талаптар:**

1) жоғары педагогикалық білім;

2) педагогикалық жұмыс өтілі кемінде бес жыл, оның ішінде басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде бір жыл;

3) бірінші немесе жоғары біліктілік санатының және (немесе) «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «шебер-педагог» санатының болуы (мемлекеттік қызметшілерді, ЖОО және әдістемелік қызмет қызметкерлерін қоспағанда);

4) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

5) соттылығының жоқ екені туралы анықтама.

**Лауазымдық міндеттері:**

Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттын педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесе отырып іске асыруды ұйымдастырады. Жұмыс жоспарын, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларын бекітеді. Оқу-тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық ұйымдар, әдістемелік бірлестіктер, балалар ұйымдары қызметіне ықпал етеді. Білім беру құқығына берілген лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілердің әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан тәрбиеленушілердің заңды құқығы мен мүдделерін (жеке, мүліктік, тұрғын үй, еңбек және басқа да) қорғайды, олардың туысқандық байланысын қолдау үшін оларға жағдай жасау бойынша шаралар қабылдайды. Оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай жасайды.

Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына иелік етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуы туралы есебін береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитариялық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.

Педагог кадрларды және қосымша қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа тартуды жүзеге асырады, басқару құрылымын, қызметкерлердің штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды. Педагогикалық кеңесті басқарады. Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттауға дайындауға қатысады. Қызмет барысында айрықша көзге түскен оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлерін өзінің құзыретіне қарай марапаттауға және көтермелеуге ұсынады және өз құзыретінің шегінде жаза қолданады.

Жұртшылықпен, ата-аналармен (немесе оларды алмастырушы адамдармен) байланысты жүзеге асырады. Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда білім беру ұйымының атынан өкілдік етеді, қажетті есеп құжаттарын дайындау мен ұсынуды қамтамасыз етеді.

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы», Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, педагогикалық психология, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, менеджмент негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғаудың ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

**Лауазымдық жалақысы**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы еңбек өтіліне қарай 92 201 бастап - 111 845 дейін (теңге) (экологиялық коэффицентті есепке алмағанда)

Конкурсқа қатысу үшін қажетті мәліметтерді мына мекен-жайы бойынша білуге болады:

Қызылорда облысы әкімдігінің «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 3 қабат, 327 кабинет. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс 1, индекс 120002. Байланыс телефон: 8/7242/ 60-54-56, эл. почта: bilim@korda.gov.kz

Конкурс «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №510 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Білім беруді басқару органы хабарлама жарияланған күннен бастап **жеті жұмыс күні** ішінде бос лауазымға орналасу үшін мынадай құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады.

**Конкурсқа қатысу үшін тапсырылатын құжаттар:**

1) Білім беруді басқару органы басшысының атына тұрғылықты тіркеу орнын, нақты тұратын жері, байланыс телефондары көрсетілген конкурсқа қатысуға өтініш;

2) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың көшірмесі;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

5) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ және фото;

6) ескертпелер мен көтермелеулерді көрсете отырып, бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінездеме;

7) біліктілік санаты және ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);

8) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

9) соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама;

10) тестілеуден өткендігі туралы анықтама (болған жағдайда);

11) Мектепті дамытудың перспективалық жоспарын ұсынуы қажет.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелері жұмыс орнының кадр қызметі немесе білім беру ұйымының жауапты қызметкері тарапынан куәландырылады және мөрмен куәландырылады.

Көзделген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаса, кандидаттың конкурсқа қатысу үшін берген құжаттарын қабылдаудан бас тартылады.

Конкурсқа қатысу үшін кандидат білім беруді басқару органының қарауына өзінің кәсіби жетістіктері, біліктілігін арттыруы, ғылыми зерттеулері, өзінің педагогикалық тәжірибесін жинақтауы, наградалары туралы материалдарды ұсынуға құқылы.

**Конкурс үш кезеңде өткізіледі:**

1) конкурсқа қатысушылардың біліктілігін бағалау;

2) мектеп-интернатының қамқоршылық кеңесімен кандидаттарды келісу;

3) білім беруді басқару органының конкурстық комиссиясының отырысында әңгімелесу.

Комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасын, бала және жасөспірімдер жасының психологиясын, ұжымдағы басқару және іскер өзара іс-қимыл психологиясын, кадрлық менеджмент және қызмет этикасы мәселелері бойынша теориялық білім деңгейін айқындау, сондай-ақ үміткердің педагогикалық жетістіктерін, кәсіби және жеке қасиеттерін, ұйымдастырушылық қабілеттерін, болжанатын лауазым қызметінің перспективасын айқындауға қатысты ақпаратты нақтылау, болжанатын лауазым перспективасын айқындау мақсатында білім беру мекемесі ведомствосы және қарамағында болып табылатын білім беруді басқару органының Комиссиясы әңгімелесу өткізеді. Комиссия әңгімелесу өткізу тәртібін өзі айқындайды.

Мектеп директорының лауазымына кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптар «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 17 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді тіркеудің тізіліміне №5750 болып енгізілді) сәйкес айқындалады.

Конкурстың барлық кезеңдері аяқталғаннан кейін Комиссия **үш жұмыс күні** ішінде бір үміткерді айқындайды және оның кандидатурасын лауазымға бекіту үшін конкурс жариялаған білім беруді басқару органының білім басқармасының басшысына ұсынады.

Конкурстан өтпеген кандидаттарды білім беруді басқару органы **үш жұмыс күні** ішінде конкурс қорытындысы туралы жазбаша хабардар етеді.

Конкурс жариялаған білім беруді басқару органының басшысы **үш жұмыс күні** ішінде оң нәтиже алған конкурс қатысушысымен төрт жыл мерзімді ұзарту құқығы бар шартты жасасады және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.

**Қызылорда облысының білім басқармасының конкурстық комиссиясы.**

ДЕНСАУЛЫҚ

# Акция Бидайкөлде жалғасты

**Мұнан бұрын хабарлағанымыздай, ағымдағы жылдың 23 сәуірінен бастап республика көлемінде «Медицина жаныңда!» ұранымен кең ауқымды акция өткізілуде. Ондағы мақсат – медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру бағытында дәрігері жоқ шалғай елді мекен тұрғындарына арнайы дәрігерлік бригадалар арқылы медициналық және консультативті көмек көрсету, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі туралы жан-жақты түсіндіру және саламатты өмір салтын ұстануға шақыру.**

Айнұр БАТТАЛОВА.

Сырдария ауданындағы Қалжан ахун ауылында басталып, Жалағашта жалғасын тапқан шара өткен сенбіде Шиелі ауданы, Бидайкөл елді мекенінде өтті.

Бидайкөл ауылында 4 мыңға жуық тұрғын болса, оның 1381-і бала. Мұндағы дәрігерлік амбулаторияға күніне 80-ге жуық адам келеді. Екі аймақ бойынша 2 дәрігер, 6 медбике жұмыс жасайды.

Шара барысында тұрғындарды Шиелі ауданаралық ауруханасының кардиолог, окулист, невропатолог, педиатр, эндокринолог мамандары қабылдады. Тұрғындардың қан қысымы өлшеніп, қандағы қант пен холестерин мөлшері тексерілді. Сонымен бірге, ауыл адамдары ЭКГ, УДЗ аппараттарына түсіп, мамандар кеңесін алды. Жылжымалы рентген флюорографиялық құрылғысы да тұрғындар үшін арнайы әкелінді.

Акцияға арнайы келіп, кардиолог маманына жүгінушінің бірі – еңбек ардагері Жақсылық Әлиев осындай шараның ауылдарда жиі өткізіліп тұрғанын қалайды. Себебі, ол жүрек ауруымен диспансерлік есепте тұрады екен.

– Мен жүрек ауруымен есепте тұрамын. Сондықтан кардиолог маманының көмегіне, ақыл-кеңесіне жиі жүгінуге тура келеді. Бүгінгі шараны естіп әдейі келдім. Жаңа қан қысымымды өлшеп, кардиограммаға түсірді. Аудан орталығына барып, маманға қаралу біз секілді ауыл тұрғындарына оңай емес. Сол себепті бүгінгідей шараның жиі ұйымдастырылғанын құптаймын, – деді ол.

Окулист маманында кезек күткен ауыл тұрғыны, зейнеткер Ұлмекен Назарбекова да пайдасы мол осындай шараны ұйымдастырушыларға ризашылығын жеткізіп, аналық алғысын жаудырды.

– Аудан орталығына барып, дәрігерге қаралу үшін арнайы бір-екі күнімізді арнауымыз керек. Бүгінгідей шаралар біз үшін өте тиімді. Ұйымдастырушыларға алғысымды айтамын. Барлық маманға қаралып шыққым келеді. УДЗ аппаратына да түстім. Мамандар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі туралы жан-жақты айтып, түсіндіріп берді. Біраз жайға қанығып, жаңа жүйенің ерекшелігі, маңызы жайлы терең біліп қалдық. Рақмет, айналайындар, – деп ағынан жарылды ана.

Бидайкөлдіктер дәрігерлік тексеруден өтумен қатар, келер жылдан бастап қолданысқа енгізілетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы да кеңінен мәліметтер алды. Жаңа жүйенің маңызы жөнінде, оның шарттары туралы сақтандыру қорының облыстағы бас эксперті Абылайхан Рахымов тұрғындарға жан-жақты түсіндіріп, сұрақтарына тұшымды жауап берді.

Шиелі ауданаралық ауруханасы бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Бақтыгүл Мұсағалиеваның айтуынша, ауданда 77 мыңнан астам тұрғын бар. Оның 26 мыңнан астамы бала болса, әйелдер саны 38 мыңды құрайды. Оның 16 мыңнан астамы туу жасындағылар. Оларға ауруханаға қарасты 19 дәрігерлік амбулатория, 3 фельдшерлік-акушерлік бөлім, 13 медициналық пункт жұмыс жасайды. Аудан бойынша белгіленген 47 аймақ 100 процент дәрігермен қамтылған. Ауданда тұрғындарға медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру, медициналық қызмет сапасын жақсарту мақсатында скринингтік тексерулер жүргізіп, дәрігерлер бригадасын елді мекендерге жіберіп, қабылдаулар өткізу жолға қойылған.




Акция аясында №148 мектеп өрендері ән-биден шашу шашты. Өнерлі балғындар сахналаған жұртшылықты зиянды әдеттерден аулақ болып, денсаулықтың қадірін білуге үндейтін қойылым да шара маңызын арттыра түскендей.

ФОРУМ

# Жас педагогтар жиыны

**«Жастар жылы» аясында облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен «Creative» облыстық жас педагогтар форумы өткізілді. Форумның секция жұмысы «Табысқа жетелейтін идеялар» және «Online Times» әлеуметтік желінің психологиясы тақырыбына сай өрбіді.**

Ғазиза ӘБІЛДА.

Форумның пленарлық кезеңінде облыстық жастар кеңесінің жетекшісі Жанар Сағындықованың жыл барысында атқарылған жұмыстарының есебі тыңдалды. Облыстағы белсенді жастардың бірі, №3-ші IT мектеп-гимназиясының мұғалімі, республикалық жас ақындар айтысының жүлдегері Ерженіс Әбді шығармашылық ойларымен бөлісіп, жалпы бүгінгі қоғамның қызу талқысында жүрген «Педагог мәртебесін көтеру» мәселесіне орай өзіндік тұжырымды пікірін жеткізді.

Мемлекеттік Жастар саясатында талантты жастарды қолдап, олардың өнері мен шығармашылығына, талабы мен таңдауына барынша мүмкіндік жасауға басымдық берілген. Осы ретте білікті жас ұстаз, Сырдария ауданы №35 мектеп мұғалімі Айдана Жакеева келешекке нық сенімін білдіріп, жастарға жалынды пікірін үш тілде жеткізді. Сол секілді, білім мен шығармашылықты тең ұстап, республикалық «Zhas Project» гранттық жобасының жеңімпазы атанған, Қазалы ауданы №103 мектебінің мұғалімі Жаннат Ержігітова «Жетістікке жету жолы» тақырыбындағы тәжірибесі туралы айтты.

Ал, «Жас Отан» Жастар қанатының облыстық филиал төрағасы Талғат Тілес аймақта атқарылған жұмыстарға тоқталып өтсе, «БАҚ және Педагог» онлайн курстарының авторы Жасұлан Жақыпов бәсекеге төтеп бере алатын, өзіне деген сенімі мол жастарды ел игілігіне еңбек етуге үндеді. Жастар кеңесінің кәсіподақ белсенділері патриоттық рухтағы көріністер қойып, рухани үндестік пен биік межеге талпыныстарын танытты.

Форумда жастар өміріне қатысты келелі ойлар айтылып, ұрпақ тәрбиесіндегі ұтымды тәжірибелер сараланды. Шара соңында облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Т.Маханов бірқатар жас ұстаздарды, кәсіподақ көшбасшыларын «Алғыс хатпен», облыстық білім басқармасының басшысы М.Мелдебекова облыстық білім басқармасы және кәсіподақ комитетінің бірлескен Құрмет грамотасымен, облыстық кәсіподақтар орталығының төрағасы С.Сермағанбетов Құрмет грамотасымен және қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Р.Байназарова Құрмет грамотасымен марапаттап, бірқатарына Астана қаласына туристік саяхатқа жолдама табыстады. Сондай-ақ, «Мамандығым – мақтанышым», «Мамандық таңдау – болашақты таңдау», «XXI ғасыр мұғалімі» облыстық эссе байқауының жеңімпаздары арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар иеленді.

# АӨК субъектілерін мемлекеттік қолдау шаралары туралы

АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ауыл шаруашылығы саласында агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау, АӨК саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау және ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге шығындарын субсидиялау сияқты мемлекеттік қызметтердің түрлері қарастырылған.

Олардың әрқайсысына бөлек тоқталғым келеді.

**1. АӨК субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау** (ҚР АШМ 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1 / 71 бұйрығы):

Субсидиялау ережесі қарыздарды сақтандыру және кепілдендіру кезінде АӨК субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету тәртібін айқындайды.

Кепілдік бойынша комиссияның бір бөлігін субсидиялау мынадай талаптарға сәйкес келетін қарыз шарты бойынша жүзеге асырылады:

1) теңгемен жылдық 17%-тен аспайтын мөлшерде Ислам қағидаттарында қаржыландыруға қолданылатын сыйақы мөлшерлемесі немесе кірістілік ставкасы;

2) негізгі борышты тең үлестермен жыл сайын өтей отырып;

3) ең жоғары сомасы 100 миллион теңгеден аспайтын;

**Негізгі құралдарды сатып алу, құрылыс, айналым қаражатын толықтыру, ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алу нысаналы мақсаты болып табылады.**

Кепілдіктің жыл сайынғы көлемі қарыз шарты бойынша негізгі борыш/қалдық сомасының 30 (отыз) % - тен аспауы тиіс.

**Субсидиялау кепілдік беру шартының барлық қолданылу мерзіміне кепілдік бойынша комиссия құнының 50% мөлшерінде, бірақ кепілдік көлемінің 2,5% аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.**

Сақтандыру сыйақысы бойынша комиссияның бір бөлігін субсидиялау мынадай талаптарға сәйкес келетін қарыз шарты бойынша жүзеге асырылады:

1) теңгедегі жылдық 17%-дан аспайтын мөлшерде исламдық қағидаттарда қаржыландыруға қолданылатын сыйақы ставкасы немесе кірістілік ставкасы;

2) ең жоғары сомасы 1,5 миллиард теңгеден аспайтын;

3) ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алуға негізгі құралдарды сатып алу, салу, айналым қаражатын толықтыру нысаналы мақсаты болып табылады.

Сақтандыру сомасы кредит бойынша негізгі борыш сомасының 50%-ынан аспауы тиіс.

Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру сомасының 30%-нан аспауы тиіс, бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының 50%-нан аспайтын бір жолғы субсидиялау жүзеге асырылады.

Субсидия кепілгер/сақтандыру ұйымы субсидиялауға өтінім берген кезде "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы төленеді.

Субсидияларды төлеу тәртібі мынадай процестерді қамтиды:

1) ұсыныс қабылдау;

2) субсидиялау шартын жасасу;

3) қарыз алушыны субсидиялау кестесін қалыптастыру;

4) субсидиялауға өтінім беру;

5) субсидия төлеу;

6) субсидиялау шартын өзгерту;

7) субсидиялау шартын тоқтату.

Ұсыныстарды қабылдау тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Ұсынысты қарыз алушы береді және кепілгердің/сақтандыру ұйымының ЭЦҚ-мен расталады.

**Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 21 жұмыс күнін құрайды.**

**2. АӨК саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау** (ҚР АШМ 2015 жылғы 30 наурыздағы № 9-3/271 бұйрығы)):

Субсидиялауды басқарма ағымдағы жылы өткен жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырады.

Субсидиялар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктері) тіркеген дайындау ұйымдарына АӨК саласындағы дайындау ұйымдарын аккредиттеу қағидаларында белгіленген тәртіппен төленеді.

**Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:**

1) ҚҚС бойынша және корпоративтік табыс салығы бойынша есептік жыл үшін декларациялар тапсыру жөніндегі салықтық міндеттеме орындалғаннан және бюджетке төлеуге жататын ҚҚС сомасы толықтай төленгеннен кейін "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық түрде есептелген ҚҚС шегінде бюджетке төленген ҚҚС сомасы мөлшерінде субсидиялар аударуға арналған өтінім беру.

2) өтінімді субсидиялау ақпараттық жүйесінде тіркеу.

3) деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорымен өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде расталған, дайындаушы ұйымның субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шотының болуы;

4) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдайтын және өңдейтін ақпараттық жүйенің өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде дайындаушы ұйымдардың ауыл шаруашылығы өнімін өткізгенін растау (дайындаушы ұйымның өткен жылы берілген тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

5) ауыл шаруашылығы өнімін өткізуден түскен жылдық жиынтық кірістің (есептік жылға) кемінде 90 пайызын құрайтын жылдық жиынтық кіріс сомасы, алдыңғы жылдың барлық салықтық кезеңдері үшін декларациялар бойынша төлеуге есептелген және есепке жазылған ҚҚС сомасы, субсидиялаудың ақпараттық жүйесі мен Қазақстан Республикасының интеграцияланған салықтық ақпараттық жүйесінің өзара ақпараттық іс-қимылы нәтижесінде алдыңғы жылға есептелген ҚҚС шегінде төленген ҚҚС сомасы жөніндегі мәліметтерді растау.

Субсидияларды есептеу Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға субсидияланатын қосылған құн салығы сомасының мөлшерін айқындау үшін қолданылатын, жеке қосалқы шаруашылықтан сатып алынған ауыл шаруашылығы өнімінің нақты көлемінің нормаларын ескере отырып және барынша жол берілетін құнды пайдалана отырып жүргізеді.

Өтінімдерді қабылдау дайындаушы ұйымның орналасқан жері (заңды мекенжайы) бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанынан 1 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) жүзеге асырылады.

**Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 3 жұмыс күнін құрайды.**

Осы субсидияны алу үшін сізге дайындаушы ұйым ретінде аккредиттеуден өту қажет.

**3. АӨК саласындағы дайындау ұйымдарын аккредиттеу** (ҚР АШМ 2015 жылғы 30 наурыздағы № 9-3/278 бұйрығы)):

Дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу ауыл шаруашылығы басқармасымен есептелген шекте бюджетке төленген қосылған құн салығы бойынша кейіннен субсидиялау мақсаттары үшін дайындаушы ұйымдарды есепке қою жолымен жүзеге асырылады.

Аккредиттеуден өту үшін дайындаушы ұйымы басқармаға Қағиданың қосымшасына сәйкес нысан бойынша АӨК саласындағы дайындау ұйымдарын аккредиттеуге өтініш береді.

Онда қамтылған мәліметтердің толықтығын қарағаннан кейін басқарма үш жұмыс күні ішінде АӨК саласындағы дайындаушы ұйымдарының тізбесіне енгізу жолымен дайындаушы ұйымын есепке қоюды жүзеге асырады.

Белгіленген нысандағы өтініш берілген жағдайда аккредиттеуден бас тартуға жол берілмейді.

**Басқарма** «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының (әкімдіктерінің) интернет-ресурсында агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдардың тізбесін орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 12 наурыздағы №17-1/207 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10924 болып тіркелген) сәйкес **тізбені** облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының (әкімдіктерінің) **интернет-ресурсында орналастырады.**

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес АӨК саласындағы **дайындаушы ұйымдар тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей** Басқармаға ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу және осындай өнімді сату жөніндегі **мәліметтерді** ұсынуға міндетті.

Дайындаушы ұйым осы талаптарды бұзған жағдайда Басқарма дайындау ұйымын тізбеден алып тастайды және үш жұмыс күні ішінде дайындау ұйымына тізбеден шығарылғаны туралы жазбаша хабарлайды

**4.4. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге шығындарын субсидиялау** (ҚР АШМ 2015 жылдың 8 желтоқсандағы №1-1/1069 бұйрығы):

Ереже ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау тәртібін айқындайды.

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одағы (бұдан әрі – тексеру одағы) – коммерциялық емес ұйым нысанында құрылған және оған кіретін ауыл шаруашылығы кооперативтерінің Қаржы-шаруашылық қызметіне ішкі аудитті, осы қызметті үйлестіруді, тексеру одағының мүшелеріне ішкі аудитке ілеспе қызметтер көрсетуді, сондай-ақ тексеру Одағының құрылтай құжаттарында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ерікті бірлестігі.

Субсидиялар ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарды өтеу үшін тексеру одақтарына төленеді.

**Субсидияларды алу шарттары:**

1) "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматта ішкі аудит қорытындысын қоса бере отырып, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық түрде Қағиданың қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінім беру (Қол қойылған және тексеру Одағының мөрімен расталған қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі).

2) өтінімді субсидиялау ақпараттық жүйесінде тіркеу;

3) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шоттың болуы тексеру одағына өтінімді субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеуді дербес жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл жағдайда өтінім беру талап етілмейді және ол тіркелген сәттен бастап берілген болып есептеледі;

4) субсидиялау ақпараттық жүйесі мен электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу жөніндегі ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде ауыл шаруашылығы кооперативінің ішкі аудитін жүргізу бойынша қызмет көрсету фактісін растау (тексеру Одағының тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

5) ағымдағы жылы тексерілген кооперативтерге қатысты өтінім берілген ауыл шаруашылығы кооперативінің ішкі аудитін жүргізуге субсидиялар төленбеуі.

Ағымдағы жылы жүргізілген ауыл шаруашылығы кооперативінің **ішкі аудитін жүргізуге** арналған шығындар өтінімді тіркеу сәтінде **130 (жүз отыз)** айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде субсидиялауға жатады.

Өтінімдерді қабылдау тексеру одағы аудит жүргізген ауыл шаруашылығы кооперативінің тіркелген жері бойынша (заңды мекен-жайы бойынша) **жылдың 1 ақпанынан 1 желтоқсанына дейін** (қоса алғанда) жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі **3 жұмыс күні.**

**Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы.**

**Жоба**

## Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Су Кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі №481 Кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI ҚРЗ кодексінің 569-бабына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. «Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №300 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5192 нөмірімен тіркелген, облыстық «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2015 жылғы 31 қазандағы №164-165, «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 қарашада жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облыстық мәслихаты сессиясының төрағасы**
**Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы**
**Н.Байқадамов.**

Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы «___» _________№ ____ шешіміне қосымша

Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

| № | Сырдария өзені және Арал теңізі бассейнінде арнаулы су пайдаланудың түрі | Өлшем бірлігі | Төлемақы мөлшерлемелері,теңге |
|---|---|---|---|
| 1 | Тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызметтер | 1000 текше метр | 132,8 |
| 2 | Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қосқанда | 1000 текше метр | 376,0 |
| 3 | Ауыл шаруашылығы | 1000 текше метр | 10,8 |
| 4 | Су көздерінен су алатын тоғандық шаруашылықтар | 1000 текше метр | 104,2 |
| 5 | Су энергетика | 1000 киловатт сағат | - |
| 6 | Су көлігі | тонна шақырым | 14,3 |

## Палубалы шағын көлемді кемелер және өзен кемелер иелерінің назарына

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 24.05.2018ж. №156-VI ҚР Заңымен "Ішкі су көлігі туралы" Заңына өзгеріс енгізіліп, 2018 жылғы 8 маусымынан бастап палубалы шағын көлемді кемелерден және өзен кемелерінен басқа шағын кемелерге техникалық байқау жүргізілмейтінін ескертеді.

Осыған орай, палубалы шағын көлемді кемелерге және өзен кемелеріне техникалық байқауды жүргізу үшін кеме иелері ҚР Кеме тіркелімі (Регистр судоходства) мекемесіне өтініштерін ұсынулары қажет.

Мекен-жайы: Кызылорда қаласы, Әуезов көшесі 24А телефон: 29-00-15, e.mail: ktk.kzl@mail.ru

**Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы.**

## Маман қажет

Жедел түрде экскаваторщик, автокрановщик және кірпіш зауытына жұмысшылар қажет. Жатын орын және тамақпен қамтамасыз етіледі.

**Байланыс тел.: 87770582469, 87013359650. (3-2).**

**«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70–00–52 телефоны арқылы байланысуға болады.**
**E–mail: smjarnama@mail.ru**

Облыс әкімдігі мен мәслихаты, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы, облыстық қоғамдық кеңес Ұлы Отан соғысының ардагері, Жаңақорған ауданының құрметті азаматы

**Махметжан Сапарбаевтың**

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ҚазГерМұнай
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ БІРІККЕН КӘСІПОРНЫ

# Қарт майдангерлерге құрмет



**Жер әлем жаңарып, Жеңіс күні жақындағанда төрт жылға созылған майданның жеңімпаздарын ұлықтау шаралары жер-жерде ұйымдастырылады. «Қазгермұнай БК» ЖШС аға ұрпақты құрметтеудің үлгісін көрсетіп жүрген ұжымдардың қатарында. Бұрындары компания ардагерлерді қонақ етіп, ауқымды концерттік бағдарламамен қуантатын. Әскери палатка тігіп, солдат ботқасын беріп, каруластарды бір-бірімен кезіктіріп, үлкендер бір жасап қалатын еді. Соңғы жылдары қарт майдангерлердің денсаулығы жарамайтын болғандықтан, олардың үйлеріне арнайы барып, құттықтауды, алғыс айтуды үрдіс етті.**

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

«Қарттарым – асыл қазынам» атты акция аясында компанияның әлеуметтік саясат және шаруашылықты қамтамасыз ету департаментінің, жас мамандар кеңесінің мамандары облыс орталығында тұратын соғыс және тыл ардагерлерінің үйлерін аралап шықты.

Анастасия Селиверстованың жасы 94-те. Соғыс жылдарында Саратов түбіндегі Ртищево станциясында окоп қазған. Жасы ұлғайғандықтан басқа ештеңені есіне түсіре алмады. Тек «біздің көргенімізді сендердің бастарыңа бермесін» деумен болды.

Алдағы жылы 100 жасқа келетін Бөрібай Құлманов соғыс басталғанда Мәскеу жаяу әскер училищесінің курсанты еді. Ржев түбіндегі майданда минометчиктер бөлімінің командирі болды. Ауыр жараланып, 7 ай госпитальда емделген соң, қайтадан қатарға қосылды. Белорусь пен Польшаны азат ету ұрыстарына қатысып, Жеңісті немістің Штеттин қаласында қарсы алды. Қарт офицер мереке қарсаңында өзін телефон шалып, арнайы келіп құттықтаушылардың барлығына алғысын білдірді.

Атақты маршал Жуков армиясында медбике болып қызмет еткен Любовь Колесникова 19 жасында шақырту алған. Белорусь пен Польшаны азат ету кезінде жеңіл жараланғандарды емдейтін госпиталь маршалдың армиясымен бірге Германияға дейін барған.

Жанияз Шалболов ақсақал жастайынан балалар үйінде өскен. 1943 жылы майданға шақырылғаннан елге 1950 жылы оралды. Жапон соғысына қатысып, кейін 5 жыл бойы жас сарбаздарды әскери өнерге үйретті.

«Қазгермұнайлықтар» осы күні соғыс және тыл ардагерлері Мақсұт Сырғалиевтің, Әбдірауық Сатыбалдиевтің, Әбдірахман Бәйтіковтің, Қожахмет Бектанның, Төлеген Жүнісовтің, Ибрагим Нұрымбетовтің, Сейітқан Шілдебаевтың, Анатолий Будниковтің, Ұлтай Әділованың отбасына арнайы барып, үлкендердің алғысына бөленді. Ардагерлердің әрқайсысына 110 мың теңгеден ақшалай сыйлық, тәттілер мен естелік кәдесыйлар апарды.

– Бұл – жыл сайын өтетін акция. Өмірдің заңдылығы ғой, ардагерлеріміз жылдан-жылға азайып барады. Өткен жылы 20 қарияны құттықтап едік. Үлкенге сый-құрмет көрсету, жастығы мен денсаулығын майданда жоғалтқан жандарға дер кезінде алғыс айтуымыз керек, – дейді компания қызметкерлері.

Бүгінде біздің облыста 25 Ұлы Отан соғысының ардагері және 4809 тыл еңбеккері бар.








## САТЫП АЛАМЫЗ

"Қызылорда Игілігі" корпоративтік қоры көлемі – 65 ш.м., салынған мерзімі – 2019 ж., жер телімі 6 сотықтан кем емес, бағасы – 4 500 000 теңгеден 100 жаңа тұрғын үй сатып алатынын хабарлайды.

**Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Тоқмағанбетов көшесі 27/68. Тел.: 8/724-2/ 40-12-14, 8-777-384-10-10.**

(7-1)

## ЖӘРМЕҢКЕ ӨТЕДІ

Ағымдағы жылдың 11 мамыр күні Қызылорда қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен облыс орталығының төмендегі мөлтек аудандарында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілетіндігін хабарлайды. Жәрмеңке өткізу уақыты 09.00-ден-13.00-ге дейін.

Өтетін орны: Қызылорда қаласы, С.Толыбеков көшесінің бойы (Е.Әуелбеков көшесі мен М.Әуезов көшесінің аралығы).

ТУРНИР

# Дәстүрлі дода дүбірі

**Қармақшы жерінде самбодан ересектер арасында Кеңес Одағының батыры Тәйімбет Көмекбаевты еске алуға арналған XXIV халықаралық мемориал өтті. Дәстүрлі турнирге Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан мен еліміздің барлық өңірінен 9 салмақ дәрежесі бойынша 150-дей боз кілем шебері қатысты.**



Жыл сайын 9-мамыр қарсаңында дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан спорттық мерекенің ашылу салтанатына қатысқан облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, Қармақшы ауданының әкімі Сұлтан Мақашов ел басына күн туған жылдары ерлік көрсеткен аталар рухына тағзым етіп, осындай тағылымды спорттық шараны ұйымдастырушыларға алғысын айтса, самбо күресінен ҚР мемлекеттік жаттықтырушысы Қаймен Есендияров Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы Әділбек Серікбаевты «Самбо күресінің құрметті ардагері» медалімен, ал, қазақ күресінен әлем чемпионы, самбодан бірнеше рет халықаралық жарыстар жеңімпаздары Бауыржан Райсов пен Ғалымжан Әбдірахмановты «Самбо саңлағы» медалімен марапаттады.

Жосалы кентінің бас спорттық кешенінде жайылған қос кілем үстіне алғашқы болып 52 мен 57 келі және басқа да салмақ дәрежелері бойынша шақырылған палуандар өзара белдесулерді бастап та кетті.

Қармақшылықтар мен жарыс қонақтарына спорттық мереке сыйлаған айтулы шараның бірінші күні топтық және жартылай финалдық белдесулер өткізілсе, жарыстың келесі күні өз салмағында оза шапқан палуандар ақтық белдесулер өткізді. Әрине, олардың арасында түрлі халықаралық, тіпті, байрақты жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері де бар болатын.

Енді екі күнге созылған спорттық мереке қорытындысына келер болсақ, 52 келіде қызылордалық Дәулет Тұрғанов, 57 келіде алматылық Асхат Балтабаев, ал, 62 келі салмақ дәрежесінде қарағандылық Рахат Жаңаниет жеңімпаз атанса, 68 және 74 келіде қызылордалық боз кілем шеберлері Ерлан Жақсыбеков пен Ғалымжан Әбдірахмановтардың мерейі үстем болды.

Сонымен бірге, 82 және 90 келіде Арапхуа Ғайбалиев пен Мұрат Баймұратовтар өз салмақтары бойынша І орын иегері 100 келіде өзбек палуаны Нодир Мерхаликов, ал 100 келіден жоғары салмақта Ресейден келген Аслан Калибаев жеңімпаз атанды.

Қызылордалықтар арасында Ержан Абдуллаев пен Жайдар Есенов, Дамир Әбдеков, Олжас Талапбекұлы және Мақсат Исақабылов, Марат Баймахановтар өз салмақтарында ІІ және ІІІ орын жүлдегері болды.

Мемориал соңында жылдағы дәстүрмен жарыс демеушілерінің ұйымдастыруымен өткізілген түйе палуандар сайысына қатысқан 16 түйе палуан екі топ бойынша өзара белдесулер өткізіп, ақтық белдесуге шыққан Мақсат Исақабылов шымкенттік Нұрдәулет Мыңғышовты таза жеңіп, демеушілер тағайындаған 2 млн теңгені қанжығасына байлады.

Ал, ІІ және ІІІ орын иегерлері шымкенттік Нұрдәлет Мыңғышов пен ресейлік Аслан Калибаевтар да ақшалай жүлдемен марапатталды.

**Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ,**
Қармақшы ауданы.

# Ақтөбеден олжалы оралды

**Премьер-лигада 4-орынға табан тіреген «Қайсар» командасы осыған дейін 4 команданы айқын басымдықпен жеңген. Таяуда сырт аланда «Ақтөбемен» кездесуге аттанған жерлестеріміз 1-3 есебімен бесінші жеңісіне қол жеткізді.**

Дәулет ҚЫРДАН.



Жеңілісінен жеңісі көп қызылордалық футболшылар бара сала қарсылас қақпасына доп соғып, алаң иелерін әбігерге салды. Ойынның 4-минутында Асхат Тағыберген бұрыштамадан асырған допты Александр Морочкин қақпаға сүңгітті. Екі тарап та мұнан соң шабуылға білек сыбана кірісе қоймады. Ал 41-минутта «ақтөбелік» Саят Жұмағали тепкен допты Асхат Тағыберген иеленіп, есепті еселеді. Алаң иелерінің есепті теңестіруге мүмкіндігі болмады, Абат Айымбетовтің біздің қақпаға салған 1 голы олардың жалғыз ұпайына айналды. Ал «қайсарлықтар» мұнымен тоқтаған жоқ. Тигран Барсегиян 30 метр қашықтықта тұрып, қарсылас қақпасына үшінші голды салды.

«Қайсар» 8 мамырда сырт аланда Қазақстан кубогына «Ертіспен» ойнаса, 12 мамырда премьер-лиганың 10-турында өз алаңында «Тобылды» қабылдайды.

www.facebook.com/syrboyi.kz/
https://twitter.com/syrboyi
www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат инистрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.